

АЛЕУМЕТ

ЕРЛЕРГЕ – ҚҰРМЕТ,
ЕРЛІККЕ – ТАҒЗЫМ

3-бет

TANUM

БАСШЫНЫҢ
ОН ЕКІ ҚАСИЕТІ

4-бет

ҚОҒАМ

ОҢАЙ ОЛЖА
ОРҒА ЖАҒАДЫ

6-бет

TIRSHILIK

ҚАУІПТІҢ АЛДЫН
АЛЫҢЫЗ!

7-бет

БАЙЫПТЫ БАСТАМАЛАР БАЯНДАЛДЫ

Қарағанды облысының әкімі Жәніс Қасымбек сәрсенбі күні облыс тұрғындары алдында есеп беру кездесуін өткізді. С. Сейфуллин атындағы облыстық қазақ драма театры ғимаратында өткен кездесуге ҚР Парламент Сенатының депутаты Сергей Ершов, Президент әкімшілігі ұйымдастыру-аумақтық бақылау бөлімінің мемлекеттік инспекторы Сәлімгерей Бекбергенов қатысты.



Облыс басшысы баяндамасында өткен жылы облыс аумағында атқарылған жұмыстар сараланып, қолға алынған ірі жобалар мен жаңа бастамалар сөз болды. Көпті толғандырған проблемалар мен оларды шешу бағытындағы талпыныстар да айтылмай қалмады. Әлеуметтік көмек, үш ауысымды мектептер, кәсіпкерлікті дамыту, экология мен руханият, коммуналдық саладағы күрделі мәселелердің жайы рет-ретімен айтылып, облыс басшылығы қолға алғалы отырған жаңа жобалар туралы қалың көпшілік хабардар болды.

Облыстық мәслихат депутаттарының қолдауымен біз бастауыш сынып оқушылары отбасының материалдық жағдайына қарамастан кезең-кезеңімен ыстық тамақпен қамтамасыз ету туралы шешім қабылдадық. Бірінші және екінші сыныптар биыл 1 қыркүйектен бастап тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етіледі. Ал, 2021 жылы – үшінші, 2022 жылы – төртінші сынып оқушылары тегін тамақтанатын болады, – деді облыс әкімі.

Облыс әкімінің баяндамасында Жезқазған-Ұлытау өңіріне қатысты да бірқатар бастамалар көрініс тапты. Мәселен, көптен бері шешілмей келе жатқан Жезқазған-Қызылорда бағытындағы автокөлік жолының мәселесі түбегейлі шешілуге бет алған сияқты.

Жезқазған-Қызылорда жолын қайта құрылымдау жөнінде қазір жобалық-сметалық құжаттар әзірленуде. Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі әзірлеп жатқан құжат осы жылдың алғашқы жартысында дайын болады, маусымда жобалық құжат мемлекеттік сараптамадан өтіп, күзге дейін мердігер де анықталып, жұмыс басталады, – деді Жәніс Қасымбек өз баяндамасында.

Сондай-ақ, облыс басшысы Жезқазған-



Қарағанды аралығындағы жолдың да төрт жолақты етіп кеңейтілетінін, құрылыс жұмыстары 2021 жылы басталатынын жеткізді.

Жәніс Махмұдұлы сонымен бірге Алтын Орданың 750 жылдығы мен туризмді дамыту бастамасы аясында Жезқазған аймағындағы тарихи орындар маңайында инфрақұрылымды дамыту ісі қолға алынғанына тоқталды. Атап айтқанда, Алаша хан кесенесіне апаратын жол жөнделіп, Жошы хан кесенесіне баратын жол жаңадан салынады. Сонымен бірге, облыс есебінен Жезді, Қарсақбай бағытындағы жолдар да жөнделетін болады. Бұл жоспарлардың барлығы бекітіліп, тиісті қаражат қарастырылған. Көктем туа кідірмей қолға алынады.

Жиында облыс тұрғындары да көкейде жүрген сауалдарын облыс басшысына өз ауыздарымен қоюға мүмкіндік алды. Жезқазған қаласынан бейнеконференция арқылы сұрақ қойған Л. Күнеділова туризмді дамыту бойынша шаралардың жай жапсарын сұраса,

А. Есен былтырғыдай апат қайталанып, қала халқы тағы ауыз суыз қалмай ма деген қауіпін жеткізді. Облыс басшысы аталған азаматтардың алаңдаушылығына алғыс білдіріп, толыққанды жауап берді.

Ұлытауда үлкен визит орталық пен музей салынуға, Жошы хан кесенесінің айналасы жақында жаңа кейіпке енеді. Жолдар жөнделетінін айттық. Үлкен жоспарлар бар, ол жоспарларға республикалық, облыстық бюджеттен қаражат қарастырылған. Ал, ауыз су мәселесіне келсек, Ұйтас-Айдостан тартылған құбырды толық жаңалау жөнінде «Қазақмыс» корпорациясымен келісім бар. Жөндеу жұмыстары кезінде Кенгір су қоймасынан су алуға мүмкіндік беретін қосымша құбыр тартылып жатыр. Жақын уақытта ауыз су мәселесін толық шешеміз, – деді облыс басшысы.

Өзге аймақтардан да азаматтар Жәніс Махмұдұлына сауалдар жолдап, салмақты жауаптар алды.

Өз тілшіміз

15 ақпан – ауған жерінен Кеңес әскерлерінің шығарылған күні. Осынау майдан алаңына Жезқазған-Ұлытау аймағынан аттанып, жас жанын пидә еткен боздақтарымыз да аз емес. Сонау батыр ағаларын еске алып, ерлік жолдарын еліне үлгі ету мақсатында митинг өтті.



БОЗДАҚТАРДЫ ЕСКЕ АЛДЫ

1979 жылдың 25 желтоқсанында басталып, 1989 жылдың 15 ақпанында аяқталған соғыс құрбандарын еске алу жылына зұлматты өз көзімен көріп, куә болған ардагерлер жауынгерлер мен олардың отбасылары, қала басшылығы мен тұрғындар қатысты.

Біз ел тыныштығы үшін қан төгіп, жанын берген Виктор Тарадай, Асылбек Мамажанов, Олег Морозов, Манарбек Сансызбаев Ғибадат Құттыбаев сынды нағыз отансүйгіш ерлерімізді мақтан етеміз. Олардың есімдері ешқашан да ұмытылмақ емес. Осынау соғыс алаңында ерлік көрсеткен барша ауған соғысына қатысушы жауынгерлерге басымызды иіп алғыс айтамыз және бүгінгі күнге жете алмаған батырлардың отбасыларына қайғырып көңіл айтамыз, – деді жиын басында сөз алған Жезқазған қаласы әкімінің орынбасары Қайрат Бапанов.

Ауған жеріне Жезқазғаннан аттанған жастар аз болмады. Соғыс алаңында бір жерден бір жерге өтіп жүріп, сыныптастарымызды көріп көзімізге жас алып көрсекен кездеріміз болды. Он сегізге енді ғана толған талай жас соғыс өрті тұтанып жатқан қан майданда қаза болды. Олардың арттарында асқақармандары мен ата-аналары, жан-жары мен бала-шағасы қалды. Тұтас елі қалды. Міне, сол батырларымызды біз бүгін сағынып еске аламыз. Күннен-күнге қатарымыз сиреп бара жатыр. Бұл да қоңіл қынжылтпай қоймайды. Ешқайсысы да өлімге қинамаймыз. Бүгінгі митингіге жиналған барша жерлестерімізге алғысмызды білдіреміз, – деді әрі қарай сөз алып, естеліктерімен бөліскен «Ауған соғысы ардагерлері одағы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Ақылбек Аманов.

Одан әрі боздақтарды бір минут үнсіздікпен еске алған жиынға қатысушылар ескерткіш басына гүлшоқтарын қойды. Жиын Тамерлан Түгелдің орындауындағы «Самға» әнімен қорытындыланып, ардагерлер Серке Қожамқұлов атындағы Жезқазған музыкалық-драма театрында өтетін «Сәкеннің соңғы сәттері» спектакліне шақырылды.

Өз тілшіміз

ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫС ЖЕМІСІ

Жезқазғанның әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері әкімнің облыстағы ақпарат құралдарына арналған брифингінде сөз болды



Өндірісте өсім байқалады

Облыстағы ақпарат құралдарының өкілдері алдында қаланың даму көрсеткіштерін қысқа баяндаған Қайрат Баяндыұлы соңғы бір жыл ішінде қала экономикасы 1 жартым есе өскенін атап өтті.

Быттыр 2018 жылдың денгейіне қарағанда өнеркәсіп өндірісінің өсуі 60%-ды, негізгі капиталға инвестициялар – 12%-ды, тұрғын үйді іске қосу 2%-ды, бизнес субъектілерінің саны-1,5%-ды, экономиканың осы саласында жұмыспен қамтылғандар саны – 3,7%-ды құрады, құрылыс жұмыстары 2 есеге артты, – деген ол былтыр қала бюджеті 20,3 млрд теңгені құрағанын, кірістердің 13%-ға, нысаналы трансфертердің түсімі 2 есе, даму бюджеті 3 есе өскенін, бұл барлық әлеуметтік міндеттемелерді толық көлемде орындауға мүмкіндік бергенін жеткізді.

2020 жылға арналған қала бюджеті 27,3 млрд теңге көлемінде бекітілген.

Әкімнің айтуынша, бүгінде қала эконо-микасының нақты секторында 122 кәсіпорын жұмыс істеуде, онда 13 мыңға жуық адам жұмыспен қамтылған. Өткен жылы өнеркәсіптік өндіріс көлемі 535 млрд теңгенде асып жығылып, 2018 жылғы көрсеткіштен 60 %-ға артқан.

Бүгінде екі жүзден астам инвестициялық жоба жүзеге асуда.

Бұл өз кезегінде қала экономикасына 200 млрд теңге көлемінде инвестиция тартуға және 3,5 мың жаңа жұмыс орнын ашуға мүмкіндік берді. Бұл жобалардың ішінде жалпы құны 7 млрд теңге болатын 9 жоба Кәсіпкерлікті қолдау картасы аясында іске қосылды, – деді Қайрат Баяндыұлы.

Қала әкімі баяндамасында облыстағы төртінші күн электр стансасының Жезқазған іргесіндегі Кенгір ауылында ашылғанын да тілге тиек етті. – Қазіргі таңда біз жалпы инвестиция құны 18,1 млрд теңгені құрайтын 4 жаңа жобаны іске қосуға дайындап жатырмыз. Қара мыс концентратын гидрометаллургиялық өңдеу зауыты, өнер-кәсіптік реагент шығаратын химиялық зауыт, құрылыс материалдары зауыты және биоэлектр стансасының құрылысы сынды бұл жобалар 350 жаңа жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді, – деді ол.

Жезқазған мыс алыбы атанған үлкен өнеркәсіптік орталық болғанымен, қалада ауылшаруашылық саласын дамытуда да оң көрсеткіштерге қол жеткізілген. Есепті кезеңде жалпы өнім көлемі 2018 жылға қарағанда 26 % өсіммен 5,9 млрд теңгені құраған. 2018 жылмен салыстырғанда 2019 жылы ірі кара мал басы 8%-ға, жылқы 7%-ға өсті, ет өндірісі 2%-ға, сүт 7%-

ға, жұмыртқа 10%-ға артқан көрінеді. – «Сыбаға» және «Алтын асық» бағдарламалары аясында 54 ауылшаруашылық өнімдерін өндірушілер жалпы сомасы 155 млн теңге субсидия алды. «Нәтижелі жұмыспен қамту» және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы» аясында 343 млн теңгеге 42 шағын несие берілді. Мемлекет қолдауын сезінген азаматтар өз ісін ашып, кеңейтуге бастама көтеруде. Мысалы, өз қаражаты есебінен «Айыртау Агро» шаруашылығының иесі 199 бас импортталған асыл тұқымды ірі қара және жылқы сатып алды, – деді қала әкімі.

«Қарапайым заттардың экономикасы» бағдарламасы да осы ауылшаруашылық саласында ұтымдылығын көрсетіп, бүгінде жалпы құны 321 млн теңгені және 64 жұмыс орнын құрайтын 4 жоба іске асырылуда.

Қала экономикасында шағын және орта бизнестің алар орны ерекше. Быыл Жезқазғанда жаңадан «Самдид» гипермаркеті, 10 «ULY DALA» минимаркеті ашылмақ. Азық-түлік бағасының негізсіз өсуіне жол бермеуде ауылшаруашылығы жәрмеңкелері оң әсерін тигізуде. Өткен жылы барлығы 52 жәрмеңке ұйымдастырылып, онда 770 млн теңгеге бір мың тоннадан астам азық-түлік саудаланған.

Бүгінгі таңда кәсіпкерлік саласында 14 мыңнан астам адам еңбек етуде. Бұл қаладағы экономикалық белсенді халықтың үштен біріне тең. Ал, қала экономикасындағы шағын және орта бизнес үлесі 10%-дан, жалпы түсімдердегі үлес 39%-дан асты, – деді Қайрат Бегімов.

«Бизнестің жол картасы» бағдарламасы аясында 46 жобаға 3,8 млрд теңге қолдау көрсетілген. Быыл тағы 12 ШОБ нысанына қолдау

көрсету жоспарлануда.

Әлеуметтік көмек – қамқаты «Нәтижелі еңбек және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасына» 40-тан астам адам қатысып, оларға 6% өсіммен 380 млн теңге несие берілген.

Халықты жұмыспен қамтуға көмектесу шараларының арқасында 3716 жұмыссыз жұмысқа орналастырылған. Қолға алынған іс-шаралар 2305 жаңа жұмыс орнын ашуға мүмкіндік берген.

Әкімнің айтуынша, өткен жылы 10 мыңнан астам әлеуметтік қорғалмаған азаматтарға, мүмкіндігі шектеулі жандарға, соғыс ардагерлері мен жекелеген санаттағы басқа да азаматтарға 650 млн теңге қаражат бағытталған.

2019 жылы 38 көп балалы отбасы пәтерлі болып, 890 көп балалы ана қалашілік қоғамдық көлікте жүру жеңілдіктеріне ие болған. 1200 оқушыға түрлі үйірмелерге тегін жолдама беріліп, ата-аналарына қаржылай көмек көрсетілген.

Быыл тағы 20 көп балалы отбасы пәтер алады. Сондай-ақ, 1 қыркүйектен бастап олардың бастауыш сыныптарда оқитын балалары тегін ыстық тамақпен қамтылады.

Осы ретте әлеуметтік жауапкершілік танытқан кәсіпкерлер есебінен 10 көп балалы анаға пәтер кілті табысталғанын айта кеткен жөн.

2019 жылы мектепке дейінгі тәрбие мекемелері желісін кеңейту есебінен 3-6 жас аралығындағы балаларды балабақшамен қамту жетіспеушілігі мәселесі шешілді. Алдағы үш жылда 1-6 жас аралығындағы балаларды балабақшамен 100 % қамту жоспарланып отыр. Ол үшін екі жекеменшік балабақшаның жобалық қуатын 280 орынға дейін арттырып, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында жаңадан 4 балабақша ашылмақ, – деді Қайрат Баяндыұлы.

►► 2-бетте

ҚАЛА ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА! БІРЫҢҒАЙ ДЕПУТАТ КҮНІ ӨТЕДІ

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әр айдан үшінші бейсенбісінде Жезқазған қалалық мәслихатында бірыңғай депутат күні өтеді. Депутат күнінде тұрақты комиссиялар отырысы және азаматтарды қабылдау жүргізіледі.

Осыған байланысты қабылдауға 711323 телефоны арқылы жазылуға болады.

БАСПАСӨЗ – 2020!

**«SARYARQA» АЙМАҚТЫҚ ГАЗЕТІНЕ
2020 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ЖАЛҒАСУДА
Құрметті оқырман!**

Жезқазған-Ұлытау аймағының ақпарат айнасы «Saryarqa» газетіне 2020 жылға жазылу жалғасатынын хабарлаймыз. Газетке жазылу бағасы мен шарттары өзгерген жоқ, барлығы – жылдағыдай.

Газетке 11 айға жазылу бағасы
Жеке тұлғалар үшін
Мекенжайға жеткізіп беру – 3700 теңге;
Редакциядан келіп алу – 2700 теңге;
Заңды тұлғалар үшін
Мекенжайға жеткізіп беру – 6700 теңге;
Редакциядан келіп алу – 5700 теңге.

Қосымша ақпарат үшін байланыс телефондары:
8 7102 71 00 55, 77 50 25

**РҰХАНИ
ЖАҢҒЫРУ**

**ӘЙГЕРІМ БЕГІМБЕТ:
«ҚАЗІР ШЕКСІЗ МҮМКІНДІКТЕРДІҢ ЗАМАНЫ»
INTERNEWS ФОТОБАЙҒАУЛАРЫНДА
ҮЗДІКТЕР ҚАТАРЫНАН КӨРІНДІ**

ЕРЛЕРГЕ – ҚҰРМЕТ, ЕРЛІККЕ – ТАҒЗЫМ

Күндей күркіреп өткен Ұлы Отан соғысының аяқталғанына да 75 жылдың жүзі болды. Қанша жыл өтсе де анасын баладан, бауырды ағадан айырып, мыңдаған солдатқа бөтен жердің топырағын бұйыртқан сол зұлматтың салқын лебі әлі де есіп тұр. Есіп тұрады да. Өйткені, бүгінгі де, ертеңгі де ұрпақ ата-бабасының даңқты жолынан өнеге алып, ерлігін еш ұмытпайды. Ұлы Жеңісті майданның ортасында қанымен, еңбек даласында терімен әкелген аға ұрпаққа тағзым ету мақсатында «Қазақмыс» корпорациясы ЖШС жанындағы ардагерлер кеңесі ұйымы «Солдаттың тағдыры: мұрағаттық зерттеулердің теориясы мен практикасы» тақырыбында кездесу ұйымдастырды.



Жеңіс сағатын жақындағандағы ерлік дәстүрінде Жезқазған аймағының да алар орны ерек. Бұл сөзімізге отты жылдары Жезқазған комбинаты ұжымының мемлекеттік Қорғаныс комитетінің Ауыспалы Қызыл Туын 16 рет иеленгені дәлел болса керек. Күні бүгінге дейін аталған Ауыспалы Ту ерен еңбектің құрметі ретінде бізде сақтаулы. Серке атындағы өнер ордасының төріне шығарылған көк байрағымыз бен қызыл туға бет түзеген көпшілік жиынды еліміздің Әнұранын орындаумен ашты.

Ұлы Отан соғысы кезінде республиканың әскери комиссариаттары 1200000 аса қазақстандықты майданға шақырды. Олардың 600 мыңнан астамы елге оралмаса, тағы 300 мыңы ес-түссіз жоғалғандардың қатарында. 1941-1945 жылдар аралығында Жезқазған аймағы бойынша Қарсақбай аудандық комиссариаты 11200 ерлі жаумен шайқасқа жерді. Оқ пен оттың даласында 186 жерлесіміз ерлікпен қаза тапса, 1068-і хабарсыз кетті, – статистикалық мәліметтермен бөлек Жезқазған қаласының қорғаныс жөніндегі басқармасының бастығы полковник Әсет Түсіпбеков ерліктің үлгісін көрсеткен ардагерлердің жас толқынды патриоттыққа

тәрбиелеудегі рөліне тоқталды. Отанын жаудан қорғаймын деп кеудесін оққа тосып, жоғалған батырларды ұрпағы іздеу жалыққан емес. Ертеректе олардың қолы қысқа болса, қазіргі таңда, компьютердің дамыған тұсында іздеуі оңайрақ. Бұл жөнінде Қаныш Сәтбаев атындағы мұражайының директоры Кенжал Балкенұлы баян етті.

Хабарсыз кеткен боздақтарды, олардың жерленген жерлерін іздеу жұмыстарына студент кезімен жұмылдырылды. Біздің өңірде Ұлы Отан соғысының қатысушылары жайында зерттеу жұмыстарын алған болып қолға алған Сүтемген Бүкіров басылығымен біраз құнды мәлімет жинады. Осылайша, деректерді жинақтау арқылы жауынгерлердің жеке қоры қалыптасып, «Боздақтар» кітабы жарыққа шықты. 1997 жылы металлургия, байытушы, кеншілер мен Байқоныр көмір кенішінен соғысқа аттанғандар туралы стэнд жасап шығардық. Күн өткен сайын жерлерсті іздеуді, мәлімет жинастыруды тоқтатпау қажеттігін ұқтық. Сөйтіп, «Тағзым» қоғамдық бірлестігін құрдық. «Әкеміз» басына барғым келеді. Қабіріне туған жердің топырағын апарсам» деп өтініш айтушылардың да қатары көбейді. Сонда біз іздеу жұмыстарының тиімді әдістерін қарастыруды бастадық. Ұлы Отан соғысы

қатысушыларының тізімдері жинақталған сайттарға шықтық. Онда аты-жөні арқылы табу мүмкін емес екен. Өйткені, қазақтың есімдері көбінесе бұрмаланады. Сонда, біз туған жерін көрсету арқылы іздесек деп бекіндік. Міне, бастамамыз сәтті болды. Мысалы, Сталинград түбінде шайқасқан 316 атқыштар дивизиясының құрамында Жезқазған-Ұлытау өңірінен 250-ге жуық жерлесіміз болған, – деп өз баяндамасын жалғастырған өлкетанушы 2018 жылдан бері Орел, Велиж, Волгоград, Воронеж, Новгород, Москва мен Калуга жеріне арнайы барып, 40 солдаттың басына туған-туыстарымен тағзым еткен.

Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 75 жыл толуына орай Мәскеуде «Зерде жолы» деп аталған алаңның ашулы жоспарланған. Алаңда бір мезетте 33 млн солдаттың бейнесі көрсетілді екен. Осы ретте Кенжал Балкенов қолында бар 85 ардагердің суретін ұйымдастырушыларға жолдаған. Және Жезқазған-Ұлытау аймағы бұл бастамадан қапы қалмай, жерлес батырларды паш етуде бірлесіп ағалысу қажеттігін айтты. Сахна төріне көтерілген Күләш Бейсейсева әкесі Өмірбек Оспановтың жерленген жерін тапқан «Тағзым» қоғамдық бірлестігі ұжымына алғысын білдіріп, сапарды ұйымдастырған «Қазақмыс» корпорация басшылығына ризашылығын



білдірсе, Балқаштан арнай жеткен Нұрғазы Жексенбаев өз хикаясын баяндап берді. Бұл әулеттен соғысқа үш ағайын аттанған екен. Екеуінен кара қағаз келеді. Нұрғазының әкесі 1943 жылы қайтыс болды дегенмен ол 1946 жылы аман-есен оралған. 1943 жылы Ленинград түбінде ерлікпен қаза болған Қыдырәлі ағасының соңғы хатын ұрпағы домбыраның сүйемелдеуімен әнге айналдырған. Туған жері мен анасын, бауырларын сағынғанын, арманын жеткізген ән көптің жанарына жас ұялтқаны шынық.

Соғыста снайпер болған анасына жыр арнаған Владимир Сенин мен «Жаралы гүлдер» спектаклінен үзінді Серке Қожамқұлов атындағы қазақ музыкалық-драма театрының актерлері, сондай-ақ, жиынды патриоттық әндермен әрлеген Қ.Шыңғысов атындағы №5 орта мектептің оқушылары да қаһармандар рухына тағзым етіп, бүгінде аразында бар ардагерлерге деген құрметін көрсетті.

Диана ОРАЗАЛИНА

Жыл басынан бері әлеуметтік жағынан аз қорғалған отбасыларды қолдаудың жаңа тетіктері қарастырылып, атаулы әлеуметтік көмекті (АӘК) төлеудің жаңа форматы енгізілетінін білеміз. Одан бөлек биылдан бастап төрт және одан көп баласы бар отбасыларға берілетін жәрдемақының көлемі 10 мың теңгеден асып, аналардың мерейін асырғаны тағы бар. Енді көп балалы отбасылар бала санына қарай 42500 теңгеден 73 мыңға дейін жәрдемақы алып отыр. Көмектің бұл түрі отбасының табысын есепке алмайды. Ал, атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау кезінде керісінше қордағы мал да, үйдің жан да, оның айлығы да табыс көзі болып есептеледі. Осы ретте көптің көкейінде атаулы әлеуметтік көмек кімге, қалай және қанша төленеді деген сан сауал бар. Бұл сұрақтардың нақты жауабын Жезқазған қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бастығы Ләйлә Батырқызы ӘЛКЕБАЕВА тарақатын болады.



отыр. Сонымен бірге, балалар оқу жылы ішінде оқу орнында бір реттік ыстық тамақпен қамтамасыз етіліп, жергілікті өкілді органдарының шешімдері бойынша ұсынылатын қоғамдық көлікте тегін жол жүретін болады. – **АӘК жаңа форматындағы жұмыспен қамтудың белсенді шаралары жайында не дейсіз?** – Жаңа талаптарға сәйкес атаулы әлеуметтік көмек отбасында еңбекке қабілетті адамдар болса, онда олар міндетті түрде жұмыс істеуі тиіс. Осы мақсатта жұмыспен қамту орталықтары еңбекке жарамды азаматтармен әлеуметтік келісім-шарт жасасады. Әлеуметтік келісім-шартқа қол қоя отырып, тараптар өзара міндеттер алады. Әлеуметтік қызметтер жұмыспен қамтуға жәрдемдесуіне күш салуға және төлемдерді төлеуге, ал отбасының еңбекке қабілетті мүшелері ұсынылған жұмысқа орналасуға міндеттелді. Осылайша, ол өз отбасының аз қамтылған топ құрамынан шығаруға жәрдемдеседі. Аз қамтылған отбасының 18

«ЖҰМЫСТАН БАС ТАРТҚАНДАР АӘК-тен ҚАҒЫЛАДЫ»

– Сіздің осы лауазымды қызметке жуыраа тағайындалғаныңызды білеміз. Құттықтаймыз. Бүгінгі таңда Жезқазған қаласында мемлекеттік қамқорлығын қажетсінетін қанша отбасы бар?

– Рәхмет! Жезқазған қаласы бойынша 208 аз қамтылған отбасы (946 адам), 1 963 көп балалы отбасы, 307 мүгедек бала, 315 жалғызбасты отбасы бар.

– Аталмыш саннамада азаматтарға қандай көмек түрлері қарастырылған?

– Жалпы, біздің елімізде жан басына шаққандағы орташа табысы кедейлік шегінен аспайтын азаматтардың мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар. Белгіленген кедейлік шегінің мөлшері 2020 жылдың 1 тоқсанында 20 199 теңгені құрайды. Атаулы әлеуметтік көмектің мөлшерін жан басына шаққандағы орташа кіріс пен белгіленген кедейлік шегі арасындағы айырма түрінде отбасының әрбір мүшесіне есептеледі. Ал, енді өзге де жәрдемақылар хақында тарқатып айтар болса, көп балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақы бар. Ол балалар көмектеке толғанға дейін немесе күндізгі оқу жағдайында 23 жасқа толғанша төленеді. Және оның көлемі балалардың санына байланысты әр түрлі болып келеді. Сонымен, мемлекеттік жәрдемақы аясында 4 баласы бар көп балалы отбасыға 42 500 теңге жәрдемақы, 5 балалы отбасыға 53125 теңге, 6 балаға 63 750 теңге, 7 балаға 73 375 теңге беріледі. Мүгедек балаларды үйде оқытуға жұмсаған шығындарды өтейтін қосымша әлеуметтік көмек те қарастырылған. Токсан сайын төрт айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, яғни 10604 теңге көлемінде әр мүгедек балаға төленеді. Басқа адамның көмегіне мұқтаж I, II топтағы жалғыз басты мүгедектерді күтуге мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларға қосымша үстемалық түрінде бір айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде әлеуметтік көмек көрсетіледі.

– АӘК жаңа жүйеге көшірудегі мақсат қандай деп ойлайсыз?

– Аз қамтамасыз етілген азаматтарға немесе отбасыларға берілетін атаулы әлеуметтік көмек жетілдіріліп, биыл жаңа форматпен іске қосылғалы тұр. Оның бұған дейінгі атаулы әлеуметтік көмектен өзгешелігі ретінде кешенділігін айтуға болады. Бүгінгі АӘК үш бірдей мемлекеттік қолдауды біріктіріп отыр. Олар – атаулы әлеуметтік көмек төлемі, жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу (бос жұмыс орындарына жолдау, тұруына, жол жүрісіне, біржолғы ыстық тамағына (техникалық және кәсіптік оқу орындарында білім алған жағдайда) шығыстарды өтей отырып, оқуға жіберу және мемлекет есебінен шәкірताқы төлеу,

мемлекет есебінен еңбекақысын субсидиялай отырып, жастар тәжірибесіне, әлеуметтік жұмыс орындарына және қоғамдық жұмыстарға жіберу, жеке ісін ашуға немесе бизнесін кенейтуге микрокредит беру), мұқтаж жандарға мемлекет кепілдік берген арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсету. Қызметтерді үкіметтік емес ұйымдар, әлеуметтік қызметкерлер және мемлекеттік медициналық-әлеуметтік ұйымдар көрсете алады. Осылайша, жаңа форматтағы атаулы әлеуметтік көмек аз қамтылған отбасыларға немесе азаматтарға қолдау көрсете отырып, кедейшілік шегінен шығаруды кешенді түрде қарастырады.

– Жаңа тәртіп бойынша атаулы әлеуметтік көмек кімге және қанша төленеді?

– Мысалы, 6 адамнан тұратын отбасы (3 ересек адам және 3 бала) ата-анасының пәтерінде тұрады. Әйелі үйде бала күтімімен, күйеуі жүргізуші болып жұмыс істейді делік. Оның айлығы – 42 500 теңге, зейнеткер анасының зейнетақы – 50 000 теңге. Отбасының барлық табысы бір айда 92 500 теңгені құрап отыр. Комиссия барлық деректерді тексереді. Содан кейін жалпы табыс отбасының барлық мүшелеріне бөлінеді. Егер жан басына шаққандағы орташа табыс кедейлік шегінен, яғни 20 199 теңгеден аспаса атаулы көмек беріледі.

Есептеу: 20199т - 92 500т / 6 ад. = 4782,3 бір адамға 4782,3 x 6 ад. = 28 694 теңге – көлемінде атаулы әлеуметтік көмек төленеді.

Атаулы әлеуметтік көмек тағайындау туралы шешім қабылданған кезде бір мезгілде бір жастан он сегіз жасқа дейінгі балаларға кепілдік берілген әлеуметтік топтама беру туралы шешім қабылданады. Бір жастан алты жасқа дейінгі балаларға кепілдік берілген әлеуметтік топтама бар. Онда атаулы әлеуметтік көмек алушы отбасының шеңберінде: азық-түлік жиынтықтары мен тұрмыстық-химия тауарларының жиынтығын беру қарастырылған. Аталмыш көмек түрлері атаулы әлеуметтік көмек тағайындау кезеңінде ұсынылады. Азық-түлік жинағын отбасы ай сайын алса, гигиеналық құралдардың жиынтығы тоқсан сайын үлестіріледі. Бұл ретте баланың жасын ескере отырып, азық-түлік жиынтығының түрі адамның (отбасының) атаулы әлеуметтік көмек тағайындау туралы өтініш берген кезде және оның тағайындау кезеңінде көрсетілген баланың жасына байланысты анықталады. Сонымен қатар, орта білім беру ұйымдарында оқитын алты жастан он сегіз жасқа дейінгі балаларға арналған кепілдік берілген әлеуметтік топтама бар. Онда атаулы әлеуметтік көмек алушы отбасының әр баласына әр жылдың 31 тамызына дейін берілетін мектеп қордасы немесе спорттық киім жиынтығы мен мектепке қажетті құрал-жабдықтар жиынтығы қарастырылып

жасқа толған, еңбекке қабілетті мүшелері өздеріне жүктелген міндеттерді орындамаса, жәрдемақы тоқтатылады. Одан бөлек отбасы табысы жайында жалған ақпарат беріп, кірісін жасырса да АӘК қағылады. Бұндай жағдайлар анықталса, отбасы артық төленген атаулы әлеуметтік көмекті қайтаруға міндеттеледі.

Мемлекет тарапынан да еңбекке қабілетті отбасы мүшелерін жұмысқа орналастыруға бағытталған қолдаулар зор. Атап айтқанда, егер жұмысқа жарамды азаматтың білімі мен мамандығы болмаса, оған қысқа мерзімді курстардан өтуге мүмкіндік беріледі. Сондай-ақ, жеке ісін ашу үшін 505 мың теңге көлемінде пайызсыз және комиссиясыз, қайтарымсыз гранттар беріліп, 6% үстемесіз бар шағын несиелер рәсімдеуі мүмкіндік жасалып отыр. Мүгедектерді бар балаларды тәрбиелеп отырған аналар үшін әлеуметтік жұмыс орындары ашылады. Егер жұмыс беруші мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған аналар үшін жұмыс орындарын асса, онда мемлекет әйел жалақысының 35% мөлшерінде кәсіпкерге субсидия төлейтін болады.

– **Еңбекке жарамды жезқазғандықтарды қандай жұмыс орындарына орналастыру көзделіп отыр?**

– Қазіргі таңда жұмыспен қамту орталығы бос орындар базасын қалыптастырып үлгерді. Біздің өңірде жүргізуші, тәрбиеші, мұғалім, дәрігер, медбике, аспаз, сатушы, еден жуушы, қосалқы жұмысшы сынды мамандық иелері қажет. Олардың айлығы 50 мыңнан 100 мыңға дейін жетіп отыр. 2020 жылдың басынан атаулы әлеуметтік көмек алушы отбасының еңбекке қабілетті жұмыссыз жеті адам тіркелді. Оның біреуі қоғамдық жұмыстарға жіберілсе, алтауы тұрақты жұмысқа орналастырылды.

– **Отбасы атаулы әлеуметтік көмекті алу үшін қайда баруы тиіс және қандай құжаттарды ала бергені жөн?**

– Бүгінде үміткерлерге атаулы әлеуметтік көмек алу үшін халықты жұмыспен қамту орталығында, ал ауылдық жерде тұрған жағдайда ауылдық кеңт, ауыл, ауылдық округ әкімдігіне жүгінуге қажет. Жаңа тәртіпке сәйкес үміткерлерге атаулы әлеуметтік көмек алу үшін жоғарыда аталған мекемелерге белгіленген үлгідегі өтінішпен және сәйкестендіру үшін жеке басын куәландыратын құжатпен жүгіну қана жеткілікті. Өзге мәліметтерді халықты жұмыспен қамту орталығы немесе ауылдық округтің қызметкерлері мемлекеттік органдардан өздері сұрағалады.

– **Уақытыңызды бөліп, оқырмандарды толғандыран сауалдарға жауап бергіңізге рақмет.**

Диана ОРАЗАЛИНА

СҰРАҚ-ЖАУАП МӘМС: кімді не толғандырады?

2020 жылдың I қаңтарынан бастап толығымен іске қосылған міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі жайында білес-дағы оның қалай жұмыс жасайтынын көбісі біле бермейді. Сондықтан, халық арасында жиі қойылатын 10 сұрақты іріктеп, нақты жауап беруді жөн көрдік.

1. **Мен сақтандырылғанымды қалай және қайдан біле аламын?**
– Мұндай ақпаратты электрондық үкімет порталынан (<https://egov.kz/>), ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің (<http://dsm.gov.kz/>) және Қордың сайтынан (<https://fms.kz/>), Telegram-бот (<https://t.me/SaqtandyryyBot>) және WhatsApp-тағы чат-бот (+7 700 103 1406) арқылы алуға болады.
Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, ағымдағы жылдың I сәуіріне дейін барлық азаматтар МӘМС жүйесінде сақтандырылған болып, медициналық қызметтерді толық көлемде ала алатындығын еске саламыз. Азаматтардың қажетті медициналық қызметтерді алуына ешқандай кедергі болмауы керек. Бірақ осы жөнілдік кезеңінде олар сақтандырылып, МӘМС жүйесінің қатысушысы болуы керек.
Еске сала кетейік, 2020 жылдың I сәуірінен бастап сақтандырылмаған пациенттерге медициналық көмек көрсетіле береді, бірақ тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі аясында ғана. Қалған қызметтер ақылы түрде болады. Сондықтан, 31 наурызға дейін сақтандырылған мәртебесін алу маңызды.
2. **Менің жеке кәсібім бар. МӘМС бойынша жарнамы қалай және қашан төлеуім керек?**
– Егер сіз жеке кәсіпкер болсаңыз, МӘМС жарнасын келесі айдың 25-нен кешіктірмей төлеуіңіз қажет. Егер сіз патентпен жұмыс істесеңіз, төлем патент құнын төлеу кезінде жасалуы керек. Жеке кәсіпкерлер үшін жарна мөлшері 1,4 ең төменгі жалақының 5% құрайды. 2020 жылы ол 2975 теңгеге тең. Айтпақшы, егер сізде штатта қызметкерлер болса, онда жұмыс беруші ретінде сіз оларға жалақы қорынан 2% мөлшерінде аударым жасауыңыз керек, сондай-ақ, әр қызметкердің жалақысының 1%-ын жарна ретінде шегеріңіз.
3. **Мен үйде отырып жұмыс істеймін, ресми түрде емес. Мен МӘМС жүйесіне жарна төлеуім керек пе? Олай болса, қалай, қашан және қанша?**
– Бұл жағдайда сіз дара кәсіпкер ретінде тіркеусіз кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалар санатына жатасыз, сонымен қатар, сіздің жалданушы қызметкерлеріңіз болмайды. Сіз МӘМС жүйесіне жарна төлемеуіңізге болады. Бірақ бұл жағдайда сіз сақтандырылмайсыз, демек, сіз тек тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі аясында ғана көмек ала аласыз (жедел, шұғыл жәрдем). МӘМС пакетіне кіретін қызметтерді (мамандардың қабылдауы, зерттеу қызметтері, диагностика, операциялар) алу үшін өзіңізді сақтандырып, ай сайын біртұтас жиынтық төлем (БЖТ) төлеуіңіз керек. Сонымен бірге БЖТ салық агенттері қатарына жатпайды.
4. **Бұл тағы қандай мүмкіндіктер береді?**
– МӘМС жарналарынан басқа, БЖТ міндетті зейнетақы жарналары да қамтиды. Яғни, БЖТ төлей отырып, сіз өзіңіздің базалық зейнетақы төлеміңізді қамтамасыз етесіз (жұмыс тәжірибесіне байланысты). Сіз қаншалықты ұзақ төлеген болсаңыз, болашақта соғұрлым көп зейнетақы аласыз, өйткені еңбек өтілі ескеріледі. Сондай-ақ, сіз әлеуметтік жарна төлегендіктен (олар да БЖТ құрамына кіреді), сіз егер еңбекке қабілеттілігіңізді жоғалтсаңыз, асыраушыңыздан айрылсаңыз, жұктілік пен босану кезінде, бала асырап алу немесе бала құтыру кезінде әлеуметтік жәрдемақы алуға құқығыңыз бар.
5. **БЖТ деген не және ол қалай есептеледі?**
– БЖТ – бұл біртұтас жиынтық төлем. Ол айлық есептік көрсеткіш мөлшерінен есептеледі. Қала тұрғындары үшін бұл 1 АЕК (2020 жылы 2651 теңге), ауыл тұрғындары үшін 0,5 АЕК (2020 жылы 1326 теңге). Сонымен қатар, БЖТ құрамына жеке табыс салығы, зейнетақы жарнасы, ӘМС салымдары, әлеуметтік аударымдар кіреді. Сонымен қатар, БЖТ-дағы МӘМС жарналарының үлесі қала тұрғындары үшін бар-жоғы 1060 теңгені, ауыл тұрғындары үшін 530 теңгені құрайды.
6. **Егер мен жұмыс берушінің МӘМС бойынша жарна енгізетін жұмыскер санатына кірмесем, онда мен өзім үшін жарнамы қалай төлеймін?**
– Бұл жағдайда сіз МӘМС жүйесіне тәуелсіз төлеуші ретінде саналасыз (жеке кәсіпкерлер, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар, ресми тіркелмеген жұмыссыздар сияқты). Сіз екінің деңгейлі банктердің қасалары, Қазпошта, Халық банк терминалдары, «Касса 24» өзіне-өзі қызмет көрсету терминалдары және Kaspi.kz мобильдік қосымшасы арқылы МӘМС үшін төлем төлей отырып, өзіңізді сақтандыра аласыз. Жарналардың мөлшері сіздің мәртебесіңізге байланысты болады. Жоғарыда көрсетілген әртүрлі санаттағы төлеушілерге арналған үлгілерден өзіңізге лайықтысын таңдайсыз.
7. **МРТ алуым керек, бірақ маған жолдама бермейді. Неліктен?**
– КТ немесе МРТ қызметін алу үшін сізге уәделенген жолдамасы қажет. Ол тек тиісті дәрігерлік нұсқаулар болған кезде беріледі, өйткені, бұл процедурада электромагниттік сәулелену қауіпі жоқ емес. Оны қажетсіз жасай берген дұрыс болмайды. Яғни, мұндай тексерулерге медициналық нұсқаулар болмаған жағдайда ғана сізге жолдама берілуі мүмкін.
8. **Маған МӘМС бойынша тіс дәрігерінде тегін емделуге бола ма?**
– МӘМС жүйесі аясында ақысыз стоматологиялық қызметтерді 18 жасқа дейінгі балалар, жүкті әйелдер, Екінші дүниежүзілік соғыстың қатысушылары, мүгедектер, зейнеткерлер, көпбалалы аналар («Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен марапатталғандар), атаулы әлеуметтік көмек алушылар, әлеуметтік маңызды бар аурулары бар немесе басқаларға қауіп төндіретін аурулары бар пациенттер ала алады. Егер емдеу жоспарланған болса (шұғыл емес), жүкті әйелдер мен 18 жасқа дейінгі балалар үшін МӘМС бойынша тегін стоматология тағайындалады. Қалған пациенттердің барлық санаттары стоматологиялық қызметті ақылы алады. Егер сіздің медициналық ұйымыңызда тіс дәрігері болмаса (егер дәрігер нұсқауы көрсетілген жағдайлар мен санаттарға сәйкес болса), сізге Қор жеткізушілерінің тізімінде көрсетілген медициналық ұйымға жолдама беруі тиіс.
9. **Оқу үшін 086-у (083-у) анықтамасын ұсыну қажет. Осыны МӘМС бойынша ақысыз жасауға бола ма?**
– 086 және 083 анықтамалары МӘМС пакетіне кірмейді. Бұл мемлекеттік қызметті медициналық ұйымдар ақылы түрде ұсынады. Бұл анықтамалар оқуға түсетін немесе жұмысқа кіретін пациенттің кәсіби жарамдылығы туралы дәрігердің тұжырымын алу мақсатымен мерзімді медициналық тексеруден өту үшін берілетін түсіндірмелі келеді. Бұл профилактикалық санатқа жатпайды. Бірақ пациент жылына бір рет ақысыз негізде профилактикалық тексеруден өтуге құқылы.
10. **Пациент қайтыс болған жағдайда оның жинақталған ақшасы туыстарына беріле ме?**
– Жоқ, жарналарды аудару қарастырылмаған, өйткені әлеуметтік медициналық сақтандыру жинақтаушы жүйе емес. Медициналық көмек жарналарының мөлшері мен сомасына қарамастан көрсетіледі. Яғни, халықтың барлық санаттарының медициналық қызметтерге қолжетімділігі бірдей. Бұл жүйенің тең қолжетімділік және ынтымақтастық принципі осындай жатыр. Сондықтан, біз әр түрлі кірісі бар адамдарға бірдей, бейтарап қызмет көрсететін осындай модельді таңдадық.
Қазақстандықтар үшін міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің тәртібін түсіндіретін 1406 нөмірінде байланыс орталығы ашылғаны белгілі. Ол 24/7/365 тәртібінде қызмет көрсетеді. Жылы басынан орталыққа азаматтардан 14 141 өтінім түсті. Егер сіздің де қандай да бір сұрағыңыз болса, аталмыш нөмірге хабарласуыңыз сұралады.

Жанар РАҚЫШЕВА,

Қарағанды облысы медициналық сақтандыру қорының бас экспеді

ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ТУҒАНЫНА 1150 ЖЫЛ

АҚЖАН МАШАНИ ӘЛ-ФАРАБИДІ ҚАЗАҚҚА ҚАЛАЙ ҚАЙТАРДЫ?

Ақжан Машани – қазақтың үлкен геолог ғалымдарының бірі. Геология, минерология саласына қосқан үлесімен қатар, оның әл-Фарабиді әлемге қазақ деп танытып, қазаққа қайтарғанының өзі кез-келген адамның қолынан келе бермейтін іс. Ақжан Машанидың бар саналы ғұмыры Кеңес кезеңінде өтсе де, намазын қаза қылмаған, Құранның ішкі сырына үніліп, ол туралы үлкен еңбектер жазған.



1150 жыл

Ақжан – Лиияс Есенберлиннің қаламына арқау болған Машан бидің немересі. Ақжан Машани 1906 жылдың 2 қарашасында Қарқаралының оңтүстік-шығысындағы Қызылсуірі деген жерде Машан бидің кенжесі Жаксыбектің шаңырағында дүниеге келген. Атасы Машан бидің заманында Арқадағы атақты адамдардың бірі болыпты. Ғалымның шәкірті Шамшиден Әбдіраман: «Есенберлиннің «Қаһар» романында есімі Масан би деп, бір әрпі ғана өзгертіліп, ерекше ілтипатпен аталатын Машан би – Абайдың әкесі Құнанбай қажымен үзінгілес, сыйласып өткен замандасы еді. Бұған қос құдандал-жекжаттығы және бар-тын. Кіші келіні, Жаксыбек отауының қазанасары Ғайшаның төркіні Тобықты болатын. Қарқаралыда мешіт салдырған жылы Құнанбай қажы Машан би үйінде ерулеп жатар еді. Қарқаралы дуанының игі-жақсылары аға сұлтан Құсбек пен Жамантай төрелерге дейін әділ де, белді би Машанды ішке тарта өзімсініп, ілтипатпен Машекем деп, өсер ұрпағына үлгі-өнеге етіп отыратын Жамантай төренің: «Машан, Машандай ұл туғанша қашан» деп оған деген ілтипатын риясыз ризалығын әрқазы жеті қайталағандығы осыдан болар. Бүгінде Машан бидің көзі тірісінде айтылған сөз ел аузындағы қанатты нақылға айналып кеткен-ді», – деп жазады. Осы жолдардан-ақ Ақжан Машанидың текті жердің ұрпағы екенін байқаймыз.

Ақжанның әкесі Жаксыбек дәулескер күйші болыпты. Көзін көргендер өке жолын қуса Ақжандан да тамаша күйші шығар еді деседі. Ғалымның өмірбаянын жазушылар оның тәрбиесіне немере ағасы Нөгербектің ықпалы мол болғанын айтады: «Құнанбай мен Машан би жарастығы Шәкәрім – Нөгербек сыйластығымен жалғасқан-ды. Олар кем дегенде жылына бір рет Қоянды жәрмеңкесінде қауыштапты. Осындай бір сәтте ағаға ілесіп тай мініп базарға барған бала Ақжан Шәкәрімді көргені де бар-тын. Бала Ақжан Абай мен Шәкәрім өлеңдерін Нөгербек аузынан талай естіген-ді. Нөгербек Қарқаралы қаласына жақын жерде салынған «Ақтерек» мектеп-интернатында Ә.Бөкейхановпен бірге оқыған, кейін Әлиханұлы білім қуып кете алмаса да көкірегі ояу, зерделі аға жыны-мәслихатқа бара қалса, Ақжанды жетектеп ала кететін-ді».

Геолог Ақжан 1926 жылы Ақжан Машани Қарқаралыдағы Әлімхан Ермеков ұйымдастырған педуциллиге оқуға түседі. Жүсіпбек, Міржақып, Ахметтермен Уфадағы «Ғалия» медресесінде бірге оқыған, осы училищеді сабақ берген ұстазы Манан Тұрғанбаевты Ақжан кейін де жиі есіне алып отырады екен. 1929 жылы оқуын бітіріп, Абыралыға барғанында «Абыралы көтерілісі» аталатын қанды оқиғаны көзімен көрген Ақжан ашаршылық жылдарын басынан өткерген қазақтың ортасында болады. 1932 жылдың құлматында Семей облыстық оқу бөлімінде қызмет етіп жүрген кезінде өке-шешесі Абыралы көтерілісінен соң айдалып кеткен жетім балаларды жинап, жуындырып, қолдарына бір-бір ұым нан ұстатады. Сонда аштықтан жақтары қарысып қалған сәбилер аузын аша алмай жылағанын көрген Ақжан кейінге дейін бұл оқиғаны ұмыта алмапты. Мұны кейін естіген ұстазы Манан Тұрғанбаев шәкіртінің жетім балаларға жасаған қамқорлығына: «Миллатыңа қызмет жасаған екенің, Алладан қайтсын» деп риза болған деседі. Сол жолы көрген ұстаз зерек шәкіртіне Семейдегі кен-металлургия институтына оқуға түсеуіне кеңес береді.

1933 жылдар Ақжан өміріндегі ауыр жылдар еді. Дәл осы жылы ол Шәкәрім қажының атпағанын естиді. Елде әкесінің өмірден өткенін біліп, топшырақ салуға бара алмайды. Өзінің рухани ұстазы санайтын ағасы Нөгербектің балаларына талғауы іздеп, аштықтан Ақтағай жақта өмірден өткенін біледі. Бірақ жас жігіт қайғыға сынып кетпеді, қайта керісінше шыныға түсті.

Ұстазының кеңесіне құлақ асқан Ақжан институтқа оқуға түсіп, оны қызыл дипломмен бітіреді. Осы студенттік жылдарында И.В.Мушкетовтың «Жалпы геологияның қысқаша курсы» мен И.Потемкин бастаған авторлар жазған «Геология және минерология» оқулықтарын қазақтарға оқуға жөнел болсын деп қазақ тіліне аударды. 1946 жылы докторлық жұмысын қорғап, жаңадан шаңырақ көтерген Ұлттық Ғылым академиясының Жер ғылымы бөлімшесінің тұңғыш корреспондент мүшесі болып шығады. «Жер сыры», «Жер құрылысы», «Жер астына саяхат» еңбектерін жазады.

Ешбір жанға бағынбайтын басы адам, міне, осындай. Ол – имам, ол – қайырымды қаланың бірінші басшысы, ол – қайырымды халықтың басшысы және жер жүзін мекендейтін елдің басшысы. Өз бойында туа біткен он екі қасиетті ұштастырған адам ғана осындай бола алады:

1. Бұл адамның мүшелері мүлде мінезсіз болуы тиіс, бұл мүшелердің күші өздері жақаруа тиісті қызметті аяқтап шығу үшін мейлінше жақсы бейімделгені жөн, сонда, егер осы адам әлдебір мүшесінің жәрдемімен әлденеді бір іс істемек болса, ол мұны оң-паян атқаратын болады.
2. Айтылған сөзді сөйлеушінің ойындағысындай және істің жай-жағдайына сәйкес ұғып алуға тиіс.
3. Естігіш және аңғарған нәрселердің бәрін жадында жақсы сақтап, бұлардан ешнәрсені ұмытпауы шарт.
4. Әйтеуір бір заттың кішкене ғана белгісін байқаған заматта сол белгінің ишаратын іліп әкертпейтін алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі болуға міндетті.
5. Өткір сөз иесі және ойына түйгеннің бәрін айдап-анық айтып бере алатын тілмар, өнер-білімге құштарланып, оқып-үйренулен шаршап-шалдықпай, осыған жұмсалатын еңбектен қиналып азаптанбай, бұған оңай жетуі тиіс.
6. Тағамға, ішімдік ішуге, сұхбат құруға келгенде қанағатшыл болғаны дұрыс.
7. Жаратылысынан сауыққұмарлықтан аулақ жүріп, бұдан алатын ләззатқа жиірең қарағаны жөн.
8. Шындық пен шыншыл адамдарды сүйіп, өтірік-

Оның «Жер құрылысы» атты кітабына алғысөзді академик Қаныш Сәтбаев жазды. Шәкірттерінің бірі, академик Әлия Бейсенова ұстазының еңбегіне баға беріп: «Мамандығы жағынан Ақан маркшейдер еді. Ол политехникалық институтта ұзақ уақыт «Маркшейдерлік іс және геодезия» кафедрасын басқарды. Қазақстанда мұндай маман көп емес. Маркшейдерлік – білімнің шыңы. Ақан тек қана маркшейдер, геолог емес, ол қазақ ұғымында полевонтологияның, минерологияның, кристаллографияның, стратиграфияның негізін салған адам. Жер ғылымының жаңа саласы – геомеханиканың негізін қалаушылардың бірі», – деді.

Әл-Фарабиді қазаққа қайтарды**Ақжан Машани**

Ақжан Машанидың тарихта қалған ең үлкен еңбектерінің бірі – Әл-Фарабидің қазақ топырағында дүниеге келгенін, оның қазаққа тиесілі екенін әлем халқы алдында дәлелдеуі болар. Өйткені әл-Фарабидің таласқандар өте көп еді.

Ақжан әл-Фараби есімін алғаш 1943 жылы Чехия Ғылым академиясының президенті, соғыс жылдары Алматыға ығысып келген Э.Кольманнан естиді. Сол сәтте-ақ «Ол қазақ болмасын» деген ой санасында жылт еткен ғалым, кейін Отырарда дүниеге келгенін анықтағанынан кейін әлемге оның қазақ екенін әйгілеуді өзіне мақсат тұтады. Геология саласында бастап қойған монографиясы мен мамандығы бойынша атқаруы тиіс жұмыстарды былай ысыра тұрып, әл-Фарабиді толықтай кіресің. Өйткені өзі айтпақшы: «Бабаның мұрасын іздеуді 2-3 жылға доғара тұрса, бәлкім әл-Фараби өзбек ағайындыға өтіп кетуі әбден мүмкін еді». Ақжан Машани жұмысын Берлин, Лисабон, Париж, Каир, Мадрид қалаларының кітапханаларына баба еңбектерін іздегісің, сұрау салудан бастайды. Солай Ыстамбұлдан біраз дүние табады. Шетелге кетіп бара жатқанының бәрін «қарай кел» деп, әл-Фараби мұрасын тапсырады. Нәтижесінде, академик дәрігер Сайын Балмұханов Ыстамбұлдан әл-Фараби кітаптарының тізімін әкеп берсе, академик Шаһмардан Есенов Канадаға барған сапарында екінің ұстазың Бейрутта араб тілінде шыққан еңбегін әкеліп, сыйға тартады. Ал өзі әл-Фарабидің үш кітабын бірдей «Ғалия» медресесінің кітапханасынан табады. Солай 1971 жылы Мәскеуде өткен ғылым тарихына арналған ЮНЕСКО-ның 13-конгресінде әл-Фарабиді арналған симпозиумда А.Машани бастаған қазақ ғалымдарының зерттеулері әл-Фарабидің 1100 жылдық мерейтойына арналған халықаралық конференцияны КСРО-да, Қазақстанда өткізуіне шешім алуына негіз болды. Бұл шешімнің өзіне Машани оңайлықпен қол жеткізген жоқ. Өзбектердің әл-Фарабиді қалай таласқаны туралы ғалымның шәкірті Шамшиден Абраман былай деп еске алады: «Фарабиді іздеу сапарын Ташкенттен бастаған Ақан ондағы Бируни атындағы Шығыстану институтында әл-Фараби атындағы ешқандай деректің жоқ екендігіне көзі жетті әрі өзбек ағайындары әл-Фараби есімін мүлде естімеген болып шықты. Институт директорының орынбасары Музафар Хайруллаевтың Ақан жинаған әл-Фараби тұрғысындағы азды-көпті мәліметтеріне таңырқанда шек болмады. Оның болашақ докторлық диссертация тақырыбының тағдырын сол жолы анықтауға Ақан себепкер болды, баба хақындағы қолда бар материалмен бөлісті. Ақжан ағаның бұлтартпас дәлелді құжаттарын көре тұрса да өткен ғасырдың алпысыншы жылдарының басында: «Мына сәлде кінген молдан кім өзі? Қазақ болса, руы кім екен? Еңбегін неге арабша жазған?» деп қазақ ғалымдары ит-тартыспен өткерілген 3-4 жылдың ішінде әл-Фарабидің өзбек тілінде бірнеше мұрасы жарық көріп, бұл кезде Хайруллаев Ақан ұсынған тақырыпты итеріп, Әл-Фараби философияның докторлық диссертация қорғап алып, енді қазақтың ұлы перзентін өздеріне еншілей бастаған-ды. Осындай өңгімені Ақжан әл-Бирунидің 1000 жылдық мерейтойына барған жолы естиді: «Ақжан-ақа, әл-Фараби заманында қазақ-өзбек еншісі бөлінбеген ел еді ғой, енді оны қазақ тұмасы деп бөле тартпай, өзбек халқына да ортақтастыра бермейміз бе?» дегендерге Машанов: «Түрік тұмаларын бөліп-жару қазақтан басталған жоқ-тың. Науай, әл-Бируни, әл-Хорезми тұған кездерде де қазақ пен өзбек еншісі ортақ емес пе еді? Қазақ жері – Отырарда туған Әл-Фарабиді ортақ еткілеріңіз келсе, сонда өздеріңіз жеріңе қарай еншілеп алған өзге даналарды да ортақтастырайық», – дегенді. Сол кезде Қазақстандағы фарабитанудан

**Ақжан МАШАНИ ӘЛ-ФАРАБИДІ ҚАЗАҚҚА ҚАЛАЙ ҚАЙТАРДЫ?**

ауыз толтырарлық Машанов бастамасынан хабардар Музафар: «Құл, Фараби қазақ болсын, Ақжан-ақа. Бірақ сіз Ташкентке келіңіз, Бабаңды тануға сізге барлық мүмкіншілік тудырылады», – деп қазақ ғалымдарының арасындағы баба мұрасына ағуісті көзқарастан хабардар Музафар Фарабиді өзбек етудің басқа бір айласын ұсынған болатын. М.Хайруллаевтың әл-Фарабиді ташкенттік еткісі келген пұғылы 1971 жылы Мәскеуде өткен халықаралық конгрестің 13-мәжілісінде, яки бабаның ЮНЕСКО тарапынан 1100 жылдық мерейтойын өткізу мәселесі сөз болғанда тағы бір бой көрсетті. Осының кесірінен ұлы бабаның мерейтойын өткізу мәселесі қыл үстінде қалып еді. Оқиға былай болды: М.Хайруллаев сөз алып: «Әл-Фарабидің мерейтойына арналған халықаралық ғылыми конференция тек Ташкентте өткізілуі тиісті бізде баба мұрасы материалистік тұрғыда әділ бағаланады», – демесі бар ма? Мәжілісті басқарушы Египет ғалымы столды қойып-қойып қалып, орнынан атып тұрып: «Ислам ғылымының алыбы әл-Фарабиді марксизмге жүндетеуі бере алмаймыз. Ғұламаның мерейтойы өзі ғұмыр кешкен араб елінде өтеді», – дейді. Осындай қысылтаңда Алланың құдіретін мойындатар бірер сөзді араб тілінде айтып, А.Машанов төрағадан рұқсат сұрайды. Өз тілінде тілек еткендігінен бе, төраға сабасына түскендей болады. Ақана сөз береді: «Әл-Фарабидің туған қаласы Фараб – Отырар жері де, елі де Қазақстан», – дей келіп, қазақ ғалымдарының баба мұрасын игерудегі игі істерін тізіп шығады да, Ақан – төрағаны және басқа ғалымдарды – бүтін Араб, Шығыс елдерінің Орта ғасырдағы ислами ғылымы жұлдызының кіндік қаны тамған Отаны – Қазақстанға шақырады. «Әл-Фараби ұлы ғалымдар қатарында халықаралық тілме кіргізілсін, оның 1100 жылдық мерейтойы КСРО-да, Қазақстанда тойлансын» дейтін қаулы қабылданап мәслихатқа Ақан куә болған оқиғаның бір көрінісі әлгідей еді.

Ақан әл-Фараби мұрасы қазаққа тиесілі екенін дәлелденгеннен кейін 1975 жылы «Әл-Фараби және бүгінгі ғылым» атты монографиясын жазды. Ол еңбегі 18 мың ғаламды Алла жаратты деген теорияны бүгінгі ғылыммен байланыстыра отырып дәлелденеі үшін дер кезінде басылмады. Машани әл-Фараби мұрасын бір жолға қойғаннан кейін, ғалымның қабірін іздеуге кіресіңді. Оны қалай тапқаны жөнінде, шәкірті, белгілі сыншы Серік Қирабаевтың жұбайы академик Әлия Бейсенова былай жазады: «Аспирантураны бітіріп, кандидаттық диссертация қорғағаннан кейін Ақанмен көршілес болуды тағдыр жазды. Бірде маған кездесіп қалып: «Ей, қызым, осы Сирияға барсақ қайтсін? Сен анау күйеуіңді үгіттегенші, Сирияға бір сапар жасап қайтайық», – деді. Содан қазіргі қоғам қайраткері, белгілі жазушы Әбіш Кекілбаев бар, барлығы 15 шақты адам Сирияға баратын болдык. Ақан қазақша да, орысша да әдемі сөйлейтін. Қыпшақ, араб тілдерін білетінің сол Шам шаһарында ғана білдік. Осы жолы ол Әл-Фарабидің зиратын іздеп тапты. Ақаның айтуы бойынша, Шам шаһарын айналдыра салған қорғанның кіші қақпа, үлкен қақпа деп аталатын қақпарлары болған екен. Әл-Фараби кіші қақпа алдындағы қорымда жерленіпті. Бұл мәліметті жергілікті адамдарға Ақанның өзі айтып, қорымды тапты. Зиратты аралап, үлкен арабисті көмекке алып, Ақан зиратты бірінші болып ашты. Біз куә болдық.

Басына белгі қойып қайттық. Сол күні арабтар қонакасы үстінде біздің тегімізді сұрастырды. «Әл-Фараби қыпшақ қой, оған қандай қатыстарың бар?» – деп сұрады. Ақан оларға қыпшақтар туралы, олардың бізбен байланысы жөнінде айтты. Кеңес өкіметінің уақыты еді, қиын уақыт қой, әрқайсымыздың сонымызда тыншыларымыз бар, бірақ сонда да Ақан банкетте қыпшақтың тарихы жайлы 10 минуттай сөйледі. Әл-Фарабиді біз бағыс елдерінің аудармасы арқылы алып оқып жүрміз ғой. Ақан әл-Фарабидің еңбегін араб тілінде, парсы тіліндегі жазбалары арқылы таныған еді».

Әл-Фарабиді зерттеуге бар жан-тәнімен кіріскен Ақан осылай дегеніне жетті. Өзі үнемі «Егер Абайды жақсы білмесем, әл-Фарабидің бара алар ма едім? Біз Әл-Фарабиді философия дегіміз, бірақ ол – музыкант. Абайды ақын дегіміз, бірақ ол – философ» дейді екен. Әл-Фарабидің «Музыканың үлкен кітабы» атты еңбегінің арабша нұсқасын жан-жақтан іздегіп, Голландияның кітапханаларына сұрау салдырып, Лейден қаласы кітапханасынан тауып, оған терен талдау жасаған Машани «әл-Фараби және музыка» атты кітабының алғысөзінде: «Оқушыларымызға ескерте кететін бір нәрсе, бұл күнге дейінгі әл-Фараби жөніндегі еңбектерде біздер ол кісінің хак мұсылмандық пікірлерін ашық айта алмай, кейде бұрмалап кеткен жерлеріміз де болды. Алла кешірсін. Өйткені өкімет жағынан сондай қысым болды. Кей кездерде ол кісіні дінге қарсы қоюға бет алғандар көп болды. Солардың жалғандығын еске алып отыру керек. Бұл кітапта біз Аллаға шүкір, сол жалғандықтан аулақ болуға тырыстық. Хактық жолға бет алдық», – деп жазады екінің ұстаза жарты ғұмырын арнаған ғалым. Расымен, Ақжан Машанидың кейінгі еңбектерінде дін, Ислам, Құран тақырыбы кеңінен зерттеледі.

Бес уақыт намазын қаза қылмағаны үшін сөзге қалған ғалым

Мақаламыздың басында Ақжан Машанидың Кеңес үкіметінің қылышынан қан тамып тұрған саясатына қарамастан намазын қаза етпегенін тілге тиек еттік. Ол туралы замандастары да, шәкірттері де тамсана, таңғала жазды. «Ақан намаз оқыды, дінге берілді. Ақан өйтіп кетті деген әңгімелер де кезінде көп болды ғой. Бірақ үлкен тұлға, ғалым есебінде Ақан өз сенімінің ар-ұжданының қалағанын істеді», – дейді Әлия Бейсенова. Осы сөздердің өзінен ғалымның имандылығы үшін аз сөзге ілікпегенін байқаймыз. Ал тағы бір шәкірті Б.Біләлов: «1972 жылдың жазында Ақжан Жаксыбекұлы Қарағандыға ұшып келді. Мен оны күтіп алуын және «Қарағанды» қонақүйіне орналастырылуын ұйымдастырдым, ал өзім жұмыс күнінің аяғында кіріп шықтым. Оның қонақ үйде екенін біліп, нөмірін есітін қақтым, бірақ ешкім жауап бермеді. Тек біраз уақыттан соң есік ашылып, Ақжан Жаксыбекұлы мені бөлмеге шақырды, есікті ашағанын мұсылмандар тәулігіне бес уақыт оқытын намазын оқығанымен түсіндірді. Совет кезеңінде де ол нағыз дінге сенген адам болған және жұма сайын мешітке баратын», – дейді де: «1990 жылдың жазында Қарағандыға соңғы рет келгенінде ол ең алдымен мешітке апар деп сұрады. Кондитер фабрикасының маңайында орналасқан, оны Ақжан Жаксыбекұлы «Құдайдың үйі» деп атайтын. Ол мешіттің діни қызметкерлерімен ұзақ сөйлесті, олар көптеген сұрақтар қойды, Құранның жеке сурелерінің

түсініктемелерін сұрап, молдалар осы сәтті кезеңін пайдаланып Машановты көпке дейін жібермеді», – деп еске алады.

Замандастары Ақжан Машанидың үнемі такия киіп жүретінін, тек кейде фотоға түсетерде ғана тақиясын шешетінін айтады. Ал тағы бір шәкірттері әсіресе диссертация қорғау кезінде қорғағалы тұрған адамды арнайы шақырып алып, бата беріп, бірақ кіргізетінін айтады.

Машани кітаптарын парактап отырып, оның әр кітабын, әр жазбасын «Бисмиллаһ әр-Рахман әр-Рахим. Мейірімді, рахымды Алланың атымен бастаймын! Осы бастаудың өзінде ғаламның ғажап сырлары жатыр» деген сөзбен басталатынын көресін. Оның «Ғалами мөр» атты еңбегі ғылыми-ислами шығармашылығындағы шоқтығы биік еңбектердің бірі саналады. Оны оқыған кез келген адам түсіне бермейді. Үлкен танымды, терең діни білімді қажет ететіні көрініп тұр. Арасында ғалым:

Кеше гөр, қате басқан жерлерімді, Ортаға салдым жиған-білгенімді. Ізденгім Тәңірдің ризалығы, Сілет етпен ешкімге бұл терімді. Ойланар оқыған жан сөздерімді, Бар нәтигім шындықтан басқа ой жоқ, Шақырам хақ жолына өздерімді, – деп жазудағы мақсатын да көрсетеді. Ал «Қадір түнгі ойлар» еңбегінде: «Рамазан айында басталған осы жұмыстың бастапқы аты «Қаф» әріпі жөніндегі ойларды жинақтау еді» деген Машани әр әріптің сырына үніледі.

«Жеті қат көк және әл-Фараби нотасы» атты жазбасында: «70 жыл бойы Ислам – апиын, Ислам – ең қауіпті дін» деп уағыздағын тоталитарлық жүйе бір күнде жоқ болды. Тастап, темірден құйылған «ұлы көсемдердің» мүсіндері ескерусіз қалып, шіріп жатыр. Өйткені ол – жалғандық, шайтан шатастырған замана, көптеген зорлық көріп шейіт болған міскіндердің қарғысы. Бүгінде коммунистік идеямен ұланған, совет заманында туған көптеген ұрпақтарыма кейбір жазылған мағлұматтар «ерсілеу», «күлкілеу» көрінуі де ғажап емес. Ислам діні қазақ баласына ана сүтімен пара-пар», – деуі де оның ата дінімізге деген ықыласының қаншалықты екенін көрсетсе керек.

Ақжан Машани кітаптарының арасында «Аллаға сансыз шүкіршілік. Кемшіліктерімді, білместігімді кешіріп, нем!» деген секілді жолдардың жүруінің өзі бұрынғы ғұламаларды еске түсіреді.

Ал, ғалымның «Қажылар» атты өлеңіндегі мына жолдар арқылы оның қажылыққа бір баруды армандаумен өткенін байқаймыз:

Қажылар Меккеде жүр, құрбан шалып, Арманға қолы жетпей біз бір ғаріп. Күн бар ма, тұзап қылар Қағбаны, Алланың рахматын есіме алып. Мұсылман басын қосқан талай халық, Құмарым таркар ма еді, барсам көріп. Қуат бер, дін – Исламға, я, Рахман, Жүректе Хактың сөзге нуры жанып. Ғалымның бұл асқақ арманы орындалмады. Десек те, артында үлкен мұрасы, өшпес еңбегі қалды. Машанидың өзі айтқандай оның әр еңбегін оқып, көңілімізге түйген сайын, таныммыз өскен сайын дұғаға қосу міндетіміз:

Айтайын бірер мысал осы жайдан, Мұсылман, дұғада бол, тасы пайдан. Сөз жаздым, үміткер боп талап етіп, «Кешіріп» деп кемшілігің бір Құдайдан.

Марфуга ШАПІЯН
Islam.kz

БАСШЫНЫҢ ОН ЕКІ ҚАСИЕТІ

жалған, суайттарды жек көріп, аулақ жүру өзімізге жақсы.

9. Оның жаны жаратылысынан пасық істердің бәріннен жоғары болып, жаратылысынан игі істерге ынтызар болса, келешек қызмет жолында зор көмегі тиері сөзсіз.

10. Дирхем, динар атаулыға, жалған дүниенің басқа да атрибуттарына жиірең қараса, пайдасы тимесе, еш зияндығын көрмейді.

11. Жаратылысынан әділеттілік пен әділеттілерді сүйіп, әділетсіздік пен өзбірлықты және осылардың иелерін жек көру – адам бойына бітетін ең асыл қасиеттердің бірі. Мұндай қасиетке ие адам жақындырына да, жат адамдарға да әділ болып, жұртты әділеттілікке баулып, әділетсіздіктен зардап шеккендердің залалын өтеп, жұрттың бәрін өз білігінше жасалық пен ізгілік көрсете алады.

12. Адамның бойында қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ержүректілік мінез болса, өзі қажет деп тапқан істі жүзеге асырған сәтте міндетті түрде шешімді ақыл көрсете алады.

Осының бәрі бір адамның бойында болуы қиын нәрсе, сондықтан да жаратылысынан осындай қасиет дарыған

адамдар өте сирек кездеседі. Мұндайлар аз. Сондықтан, егер, қайырымды қаладан осындай адам табылса және өзі өсіп-жетілген кезде жоғарыда аталған шарттардың алғашқы алтауы немесе бесуеуі оның бойына біткен болса, онда қиялдау қабілеті жағынан төндесі болмағандықтан ол осы қаланың айтулы басшысы болмақ. Ал егер, зәуде белгілі бір кезеңде мұндай адам болмай қалса, онда қала басшысы мен оның ізбасарлары белгілеген заңдар мен ережелер, егер, олар қаланы дәйектілікпен билеп алса, өз күшінде сақталады.

Кімде-кім тұған кезінен бастап және жас жеткіншек шағында жоғарыда аталған шарттарды бойына дарытқан болса және есейгеннен кейін басқа алты шартқа сай келетін болса, біріншісінің орнын басатын екінің басы сол болады.

1-шарт – дана болу.

2-шарт – қалаға арнап бірінші имамдар белгілеген заңдарды, ережелер мен әдет-ғұрыптарын жадында сақтап, жетік білу, өзінің барлық іс-әрекетін осыларға сәйкес жүргізу.

3-шарт – бұрынғылардың тиісті заңы сақталмаған жағдайда бірінші имамдардың үлгісімен әрекет жасай отырып, бұл жөнінде тапқырлық көрсету.

4-шарт – бірінші имамдар аңдай алмаған нәрселерді, бұрыннан қалыптасып қалған жағдайды да, болашақ оқиғаларды да қалаған кезінде танып-біліп отыратындай тапқыр да білгір болу, өзінің осындай іс-әрекеттерінде халықтың әл-ауқатын жақсартуды мақсат етуге тиіс.

5-шарт – бірінші имамдардың заңдарын және солардан кейін, солардың үлгісі бойынша әзі белгілеген заңдарды орындауға жұртты өз сөзімен жігерлендіре білу.

6-шарт – әскери істерді жүргізу үшін қажетті дәрежеде қайратты болу, оның бергі жағында әскери өнерді қызмет бабындағы өнер ретінде және билеуші өнер ретінде біліп алу.

Осы қасиеттердің бәрін өз бойына жинақтаған адам табылмайтын болса, бірақ екі адам табылып, оның бірі – дана, екіншісі басқа шарттарға сай келетін болса, онда осы екеуі де қала басшылары болар еді. Егер осы қасиеттер бір топ адамның бастарына бөлек-бөлек біткен болса, сөйтіп, бірінде даналық, екіншісінде тағы бір қасиет, үшіншісінде тағы бір қасиет болса, онда осы адамдар өзара келіскен жағдайда, бәрі де қайы

ЖАЗУ РЕФОРМАСЫ

Қоғамдық сананы жаңғыртудың темірқазығы ретінде айқындалған латын қарпіндегі қазақ әліпбиі қабылданар кезеңіне жақындап келе жатыр. Әйтсе де, Президенттің кейінгі ескертпесінен соң бұл тақырып қоғамның қайтадан қызу талқысына айналғанын аңғаруға болады. «Пікіралаудыңғы мен тың ұсыныстар бізді бір жағынан құантады» дейді филология ғылымдарының кандидаты Анар Фазылжан. Тілтанушының әліпбиі жайлы сұхбатынан қазақ тілінің мәртебесіне қатысты толғандырған сұрақтарға біраз жауап табасыз.

Президент «ауыспайық» деген жөк – «асығыстық танытпайық» делі
– Анар Мұратқызы, кейінгі кезде латын қарпіндегі қазақ әліпбиіне қатысты тақырып қайта көтеріліп, «бас ауыртайт қириде қала бергеніміз жөн» деген сындай әңгіме айтыла бастады. Оған фейсбук парақшаңызда қысқаша жауап бергеніңізді оқыдық. Десе де, осыған қатысты толыққанды ойыңызды біресе деп өдік.
– Біріншіден, ол адамдар қандай уәж айтады? Олар ең

Анар ФАЗЫЛЖАН:



алдымен реформаға миллиардтаған қаражат жұмсалатынын сөз қылады. Өз басым бұл бағыттағы шығын мөлшерінің нақты сомасын білмеймін. Өйткені біз мәселенің ғылыми жағын зерттеп жүрген, тіл саясатын ұйымдастырушы органның орындаушыларымыз (А.Фазылжан – Шайсұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының ғалым хатшысы). Алайда миллиардтаған қаражат тек латын әліпбиіне көшіруге ғана бөлініп жатыр десеңіз – ол қате пікір. Жалпы, кез келген ұнтарлар ел өзінің мемлекеттік тілін қолдауға бағытталған шаралар легін іске асырады. Сол секілді Қазақстан да тіл саясатын жүргізеді. Өзінің білетіндей, осы уақытқа дейін 2001-2010 және 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік тілді қолдау бағдарламасы жүзеге асырылды. Ендігі кезекте 2020-2025 жылдарға арналған бағдарлама бекітіліп, оның қаржы көлемі ашық түрде интернет порталдарда жарияланды. Қаражат қайда кетіп жатыр деген мәселеге жауап осы.

Миллиардтаған немесе миллиондаған қаржы бола ма – ол шығынның аз немесе көп екенін айту үшін аналитика керек. Яғни салыстырмалы түрде сондай қаржыны жұмсаған, бірақ әлдеқайда нәтижелі фактілерді келтірген жөн. Ондай дәлел-дәйекті ешкім келтірмейді. Құр байбалам көп.

Екіншіден, мемлекеттік тілге жұмсалған ақшаның қандай да бір материалдық өнім жасауға кеткен қаражаттан ерекшелігін ескеру керек. Өйткені материалдық өнім уақыт өте тозады. Төселген жол ескіреді, салынған ой тозады. Ал тілге жұмсалған бөждет – ұлттың рухына салынған қаражат. Ол, бәлкім, бір немесе екі жылдан кейін нәтиже көрсетпейтін шығар, бірақ ол шығын түптің түбінде ақталады және оның нәтижесінің жұмысы жүз жылдықтарға ұласады. Мысалды аластың іздемей-ақ, Совет өкіметінің тарихын қараңыз. Социалингвистикада осы құбылысты «тілге жұмсалған қаражаттың инерциямен жұмыс істеуі» деп атайды. Мысалы, совет кезінде орыс тілін ортақ тіл, ал орыс ұлтына аға ұлт жасаймыз деп, қаншама ресурсы, қаражат салынды. Қазір совет өкіметі жөк болса да, Қазақстанда орыс тілі жұмысын тоқтатпай түгелі, әуелі талай жыл белсенді жұмыс істеп тұратынына көзімізді жеткізіп отырған факті жетерлік. Яғни біз де қазақ тілінің болашағы зор болсын десек, қолымыздағы бар мүмкіндікті пайдалануымыз керек. Оған қаражатты да, ресурсты да аямаған абзал, сондықтан тілге кеткен қаражатты санап отырғандарға айтармын: бұл мәселеде абылай сөйлеп, халықты адастырмаған жөн.

Латын әліпбиіне қарсы шыққандардың екінші аргументі – «күннi ертен орыстiлердiң қайтсiдi?» деген ой. Қазақстандағы орыстiлердiң қазакша сөйлесудi, жазуды талап ететiн жағдайда латындi қолданала. Өйткенi қазактың ұлттық әліпбиі – латын графикасы негiзiндегi әліпбиі болмақ. Егер олар өз ойын орыс мәтiндерi арқылы жеткiзсе, қирилмен жазды, себебi орыс тiлінің латын әліпбиіне көшiру мәселесiн қозғалған да, көтерiлген де емес. Неге бiз ұлттық тiлдiң мәселесiн халықтың орыстанып кеткен бiр бөлiгiнiң көзқарасымен шешуiмiз керек? Мұндай жағдай ешбiр елде, ешбiр тiлдiк қауымдастыққа жөк. Кез келген ала қараған тiлдiк қауымдастық өз құрамындағы ана тiлінен айырғылып қалған адамдардың пiкiрiне сүйенбейдi. Ал әлеуметтiк сауалнама бойынша қазак тiлдiлердiң басым көбi латын графикасына көшудi қолдайды. Әсiресе, жастар 100 пайыз қолдайды десем артық айтқаным емес.

Латынға көшiу керек дейтiндердiң тағы бiр «дәлелi» – жаңа ұрпақ қирил қарпiндегi мәдени мұрадан айырғылып қалады. Бiрақ мұны айтатындардың көбi өле жастағылар. Ал жастар байқасаңыз, жаңа технологиялардың мүмкiндiгiн жақсы бiледi. Қазiр қағаз нұсқадағы кез келген апаратты цифрландырып, қалың жұрттың игiлiгiне айналдыра салуға көп уақыттың керекi жоқ. Қазақстандағы бүкiл кiтапхананың базасы цифрландырылып жатыр.

– **Осыдан екi жыл бұрын Берiк Әбдiлмiшiев латын әліпбиіне қатысты «Жартық шықты, шесiнгерге жөл жөк» деген өлеi. Жаңа сiз айтқан адамдар өзi шындақты қабiлдей алмай отырған секiлдi...**

– Кейбiр азаматтарымыз, олар Президент Қасым-Жомарт Тоқасбатын жаңа әліпбиі жетiлдiру бойынша берген тапсырмасын, яғни бұл мәселеде «асықпайымыз керек» деген пiкiрiн дұрыс түсiнбей, «ешқайда асықпайық та, ауыспайық та» деген қате ой айтып жүр. Шын мәнiнде Мемлекет басшысының бұл сөзi халық қабылдамаған таңбаларға қатысты айтылған болатын. Президент осы әліпбиі жетiлдiру бойынша тапсырманы Мәдениет және спорт министрлігіне бергенiн бiлесiздер. Ол реформаны тоқтатуды емес, керiсiнше жақсарта түсудi көздеп отыр.

– **Латын әліпбиіне қатысты көзденең сөз тұмас идеяға көлеңкесiн түсiрмей сөзгi дөңдiң келедi гой?**

– Латын әліпбиіне көшiу мәселесi саяси мiлiрден алғаш көтерiлген 2007 жылдары жастық максимализм тұрғысынан ойлап, «бұл мәселенi неге халықтың талқысына салады, мамандар шешуi керек емес пе?» деп ойлайтынымын. Бiрақ тәуелсiздiк алғаннан кейiн қалыптасқан тiлдiк жағдайды, реформаға жүктелiп отырған тiлтанымдықтан

басқа да мiндеттердi түсiнгенде, бұл пiкiрдiң қате екенiне көзiм жете бастады. Өйткенi латын әліпбиіне көшiу деген – тек жазуымызды жаңа әліпбиіге ауыстыра салу емес. Бұл – бiздiң тiлiмiздi реформалау, сол арқылы санамызды жаңғырту.

Неге Елбасы латын әліпбиіне көшiу бастамасын «Рухани жаңғыру» мақаласында атады. Егер оған жай реформа ретiнде қараса, «Дiфрлық Қазакстан» бағдарламасының iшiнде қарастыруға да болмас па едi? Яғни бұл реформадан, менiң ойымша, тек тiлдiң сыртқы әсердi игеру тетiктерiн жандандыру күтiлiп отырған жөк. Сонымен бiрге сол арқылы халықтың санасын өзгерту, ұлтты бiр идеяның төңiрегiнде ұйыстыру көзделiп отыр деп бағалаймын. «Тiлiм – қазак» деген кез келген азамат бұл үдерiске белсенде араласуы тиiс. Бұл iске араласаған күнiң өзiнде оған бейжай қарамауы керек. Сол себептi мектеп оқушысынан бастап зейнеттегi қарияларға дейiн жаңа әліпбиінің өз нұсқасын ұсынғып жатқаны бiр жағынан қуантады. Бiзде ұлт мәселесiне жанашырылған қарайтын қоғам қалыптасып келе жатқанын көрсетедi. Дегенмен кейде осы жағдайды өз мүддесi үшiн пайдаланып кететiндер жөк емес. Президенттiң «асықпайы» деген сөзiн «тоқтайық» деп желеулетiп жүргендердi көрдiк. Сондайлардан сак болуымыз керек.

Латын әліпбиіне үлкен бiр идеологиялық серпiлiс ретiнде қараған жөн. Екiншi жағынан, жалпыхалықтық

оқилатын сөз саны өте көп болса, онда, әрiне, ол қолайсыз. Бiрeн-саран сөз кездесе, қиыншылығы жөк. Қазiргi қирил жазуында Жетiсу деген сөздi «Жетiсу ма (жетi өзeн)» әлде «жетiсу ме (жетiсiп қалу)» деген сындай сөз таластыруға болады. Бiрақ мұндай бiрeн-саран сөйкес жағдайды жалпы мысалы графиканың жүйесiне нұқсан келтiрмейдi. Оларды омографтар дейдi. Мұндай мәселелердi орфографиялық норманы көрсететiн ортологиялық құралдар (сөздіктер мен анықтағыштар) арқылы реттеп отыру керек.

– **Мемлекет басшысы жақында «Қазақ тілі реформалау, қазірет болса, тілімізді жаңғырту керектігін» айтып өтті. Қоғамда бұл сөзді әртүрлі сипатта топшылап жатқандар бар. Жалпы бұл сөздің латын әліпбиіне көшiу процесiмен қандай байланысы бар деп ойлайсыз?**

– Тәуелсiздiк Қазакстан мемлекеттiгiн сақтау үшiн ресми тiл – қазак тiлiнiң базасын күшейтедi. Онсыз мемлекет құру мүмкiн емес. Өйткенi мемлекеттiлiктiң негiзi – қазак ұлттығын этносимволизмдi. Яғни елтанбамыз да, туымыз да – қазак ұлтының символдарына, құндылықтарына сүйенедi. Басқаша болуы мүмкiн емес. Оны ұлтшылық деп те, басқа деп те қабылдаңыз да бiрiбiр – тарихи факт осы. Мемлекеттiктiң нышандарының қатарында әнұран, елтанбамен бiрге тiлiмiз де тұр. Мемлекеттiк тiлдi күшейтуге мемлекеттiң өзi мүдделi. Барлық елде осы үдерiс күштi. Мұндайды бiз ғана басымыздан кешiрiп

БІЗ ҰЛТТЫҚ ТІЛІМІЗДІ БАРЫНША ҚОРҒАП ҚАЛУ КЕЗЕҢІНДЕ ТҮРМЫЗ

пiкiрге ерiп, ғалымдарды тасада қалдыруға тағы болмайды. Мұндай тағдыршештi реформа барлық елде күнде-күнде бола беретiн шаруа емес. Ондайды басынан кешiрген елдер аз-ақ. Түрктiлдес Өзeрбайжан, Өзбекстан, Түркия елдерiнiң тәжiрiбесiне сүйенсек, әліпби ауыстыру iсiн жүзеге асырған реформаторлар мұны жай ғана тiлдiк реформа деп қарастырмаған. Мысалы, Түркияда бұл өзгерiс Мұстафа Кемал Ататүрiктiң бастауымен жаңа заманға өту, еуропалық өмiр салтына көшiумен байланыстырылып, Осман империясының ескi қалдықтарынан кетiп, заманауи Республика құрудың рухани негiзi ретiнде жүзеге асырылған. Ыстанбұлдағы Қултур (Мәдениет) университетiнде Түркияның латын әліпбиіне өтугiн зерттеген профессор Ертем Рекiн бiзге сол кезеңдегi Ыстанбұл мешiттерiне жапсырылған ұнарастарды көрсеттi. Оларда «бүгiнгi жұманың уағызы – латын әліпбиінің маңызды» деп жазылған. Мұсылман ел болғандықтан, бүкiл Исламды қолдайтын элита араб жазуында қалу үшiн латынға қарсы болды деп ойлайтынбыз. Олай емес екен. Жаңа өмiрге ұмтылуды «түрiктiп» деген барлық ел қолдап, атсалысыпты. Осы жағынан келгенде халықтың қолдауы керек. Бiрақ әліпби мен емле мәселесiнде, тiлдiң ортологиялық нормасын көрсететiн құралдарды әзірлеуде, әліпби құрамындағы жеке әрiптердi таңдауда, әрiне, мамандарға сүйенген абзал.

Сонымен, латын әліпбиі дайын ба?

– **Президент «жестiлдiру керек» деген латын қарпіндегі қазақ әліпбиі дайын ба?**

– «Тiл-Қазына» орталығы Үкiмет жанынан құрылған Ұлттық комиссияның Орфографиялық жұмыс тобы ғалымдарының осы мәселеге қатысты бiрнеше отырысын ұйымдастырды. Бұл отырыстарда Президенттiң тапсырмасын орындауға атсалысып, өз әліпбиі ұсынған азаматтардың жобалары талқыланды, сонымен бiрге тiлтанушылардың өз ұсынбасы да егжей-тегжей қаралып жатыр. Ғалымдар, пiкiрi дәйектi болу үшiн, ел iшiнен ұсынылған жобаларға жасалған сараптама қортындыларын да, сонымен бiрге өз нұсқасын тексеретiн сараптамалық-талдамалық зерттеу, шағын сауалнама нәтижелерiн де пайдаланып отыр. Орфографиялық жұмыс тобының әрбiр мүшесi – жазу теориясы, грамматология, фонетика-фонология, сөз мәдениетi, ортологиялық лексикография сияқты әліпби реформасы мәселесiнiң нағыз мамандары, сондықтан олар бұл мәселенi шешудiң тиiмдi әдiснамасы мен әдiстемесiн дұрыс таңдайтынына күмән жоқ. Үлкен дайындықпен жұмыс жүргiзiп отыр. Орфографиялық жұмыс тобы жауапты орган – Мәдениет және спорт министрлігіне әрiптiлді жетiлдiру бойынша өз жобасын ұсынды.

– **Латын қарпіндегі қазақ әліпбиінің сол, яғни сiздер берген соңғы нұсқасына нақты қандай өзгерiстер енгiзiлгенiң атап бере аласыз ба?**

– Ең алдымен, диаграф мәселесi. Бекiтiлген ақут әліпбиде – алдыңғы ұсынылған диаграфтық және апострофты әліпбиден қарағанда әрiптeр жүйесi әлдеқайда ыңғайлы әрi онтайлы құрылған. Дегенмен iшiнде диаграфтық қағидатпен жасалған ш (sh) және ч (ch) әрпi бар. Ғалымдардың көбi халықтың осы таңбаларды өзгерту туралы пiкiрiн қолдай отырып, SH диаграфы /S/ түрiндегi бiр әрiппен алмастыруды, ал СН түрiндегi Ч-ның таңбасын әліпбиден алып тастауды ұсынғып отыр. Мұның негiзi бар. Себебi сауалнамалардан схеманы (shema) шема, алғысхатты (alghyshat) алғышат деп және, керiсiнше, Қошанды (Qoshan) Кошхан, құшақты (qushaq) құсқақ деп оқығандар әсіресе жаңадан қат танып жүрген балалар арасында көп болды, демек халықтың тiлдiк санасы диаграфты қабылдай алмайды. Ч дыбысы бар бiр-ақ сөз қалыпты: чемпион. Басқалары әлдеқайда қазақшалық игерiлiптi. Қазiргi әдеби тiлде Ч дыбысымен келетiн бiрде-бiр басқа жалпы есім мағынасындағы сөз жоқ, сондықтан оны әліпбиде алмағаннан көп өзгерiс болмайды. Ал жалпы есімдердегi Ч-ны барлық озық жазу дәстүрiнде қалыптасқан үлгiмен транслитерациялау принципiнен жазуға әбден болар едi. Мұны тiл мамандары БАҚ-тағы мақалаларында түсiндiрiп көрсетiп те жатыр.

Сонымен бiрге бұл әліпбидегi кейбiр диакритикалық таңбаны болмауы, мысалы i-нiң бас әрпi (I) мен и-дiң бас әрпiнi (I) бiрдей тұрқы да көп қиыншылық туырады екен. Сондықтан, ғалымдарды пiкiрiнше, бұлардың бiрiнiң бас әрпiне ноқат қою керек.

Қазақ тiлiнде i – жiңiшке қысаң дауысты дыбысының жiңiлдi өте жоғары, ол тiптi барлық грамматикалық формаларды (жiктiктi, тәуелдiлiк, септiктi) жасауға қатысатын белсендi дыбыс болғандықтан, осы дыбыстың таңбасын диакритикасыз әрiппен, яғни ноқатсыз /I/ түрiнде берген оқырман мен жазарман үшiн онтайлы болар едi, себебi әрiпүстi жыпырлаған таңбалар аздайып, жазу жинақылана түсер едi. Мәселен, iнiмzдегiнiң, iнiңнiң деген сөздi ноқатты әрiппен жазсақ, iнiмzдегiнiң, iнiңнiң түрiнде таңбаланады, ал осыны ноқатсыз жазсақ, iнiмzдегiнiң, iнiңнiң түрiнде әрiпүстi жыпырлаған таңбадан бiраз «тазаланып», тек H-ның диакритикасы қалады.

И мен Й таңбаларының екеуiн қосқанын өзiнде олардың ортақ жiңiлдi қазақ мәтiндерiндегi i-нiң жiңiлдiгiн әлдеқайда төмен, сондықтан бұларды ноқатты /I/ таңбасымен берсе, онтайлы-ақ болар едi. Яғни қазiргi әліпбидегi i мен и, й-дi таңбалаған екi әрiптi өзара алмастыру тиiмдi деген ғалымдардың пiкiрiнде негiз жоқ. Оның үстiне ноқатты /I/ таңбасымен И-лердi жазатын болсақ, қазақ мәтiндерiнiң iшiндегi шеттiлдiк сөздердiң тұрқы да көзге бiрден таныла кетер едi: kino, institut, respublika.

Сол сияқты халық У-дың ақутты Ұ таңбасымен берiлуде де қабылдамады. Сондықтан У-дың таңбасын да онтайландыру мақсаты бар. Бiздiң ойымызша, У мен дауысты Ұ және Ү дыбыстарының ортақ белгiсiне – ерiңдi сипатына қарай, оларды бiр микропарадигмада таңбалау, яғни базалық белгiсi ұқсас таңбамен, бiрақ әртүрлi диакритикамен ажыратып берген көңiлге қонымдырақ. Мысалы, У – U, Ү – U, Ү-нi қазiргiдей U түрiнде таңбалау жүйелi әрi жазарман мен оқырман үшiн қолайлы болар едi: ұшақ (ушақ), тау (тау), ұмiт (үмiт).

– **Десе де, сiз айтып отырған осы соңғы нұсқада еқұшты мағына беретiн немесе өзi жазылатын сөздер кездесуi мүмкiн бe?**

– Ондай кез келген әліпбиде кездеседi. Егер еқұшты

жатқан жоқпыз. Мықты деген француз, немiс тiлiнде модернизациялау керек деп қанша мәрте проблема көтерiлген, оны шешу жолдары жүзеге асырылған. Осының бәрiне социолнгвистикалық зерттеулердi қарасаңыз, көзiңіз әбден жетедi. Сондықтан бұл дұрыс шаруа. Тұңғыш Президенттiң Нұрсұлтан Назарбаев та 2012 жылы халыққа Жолдауында осы мәселеге тоқталып, терминологияға ерекше мән берген едi. Бұл – кез келген елдiң өз тiлiн реттеу үшiн жүргiзетiн саясаты. Онсыз, яғни жалғыз ортақ тiлсiз мемлекет өзiнiң интенцияларын халқына жеткiзе алмайды.

Қазiр қазақтiлдiлердiң, мемлекеттiк тiлде ақпарат талап ететiндердiң саны да, сапасы да артып келедi. Тiл мәселесiн қалай шешемiз дегенде көзқарас алуан түрлi. Бiрақ бiз бұл жерде социолнгвистикалық зерттеулерге, сол сала мамандарына сүйенуiмiз керек. Бұл проблеманы әлемдегi басқа ұлттар қалай шешiп жатыр дегенге де назар аударған абзал. Сол сияқты посткенееттiк кеңiстiкте өмiр сүрiп жатқанымызда естен шығармау керек. Қаласақ та, қаламасақ та, осы кеңiстiкке тән үдерiстiң iшiндемiз. Дұрыс бағытта қозғалу үшiн посткенееттiк аяда қандай үдерiстер барын, қайсы бiзге ерекше әсер етiп жатқанын бiлген жөн. Мәселен, бiр компоненттi орыс тiлi болып табылатын көптiлдiлiк – посткенееттiк елдерге тән құбылыс. Совет одағы ыдырағаннан кейiн тәуелсiздiк алған елдiң бәрiнде көптiлдiлiк болды. Балтық, Кавказ, Азия елдерiнде де үштiлдiлiк қалыптасты. Ал қазiргi үрдiк көптiлдiлiктен көстiлдiлiкке кетiп бара жатыр. Ол – ұлттық тiл мен ағылшын тiлiнiң көстiлдiлiгi. Мәселен, Прибалтика елдерi түгел көстiлдi боп кеттi. Кавказдағы Армения мен Грузияда да сол. Тiптi Өзeрбайжанда барлық маңдайшалар бiр ғана латынмен екi тiлде – өзeрбайжанша және ағылшынша жазылады. «Қазакстан ондай емес», «орыс тiлiн қолдаймыз» деп осы жағдайдан қансаң да, аймақтық кеңiстiктен шыға алмайсың. Бiзге де осы өзгерiс келедi. Яғни бiздiң аумақта да орыс тiлiнiң кеңiстiгi тарылады. Оған қазақтар да, орыстар да кiнәлi емес. Сондықтан тiлiмiздi жаңғырту үшiн осы үдерiстердi ескере отырып, саясат құру керек.

«Әскiмде тiлiң құртқан – әскiмостардың өзi»

– **Жақында Мұрат Бақтиярұлы бастаған бiр топ сенатор «жақаңдай мемлекеттiк тiл туралы заң қабылдау керек» деп, Үкiмет басшысының атына депутаттық сауал жолдады. Яғни, бәрi тiл туралы заң қабылдайтын уақыт жеткенiң ұғып отырған секiлдi. Бiрақ...**

– Бiзде «жаһандану жүрiп жатыр, ана тiлiннен гөрi ағылшын, қытай тiлiн үйрену керек» деген пiкiр көп айтылғанымен, «дәл осы жерде және дәл осы сәтте не пайдалы» деген сұраққа көзiн жұмып, қазақ тiлiн байқамай қалғысы келетiндер бар. Табиғаттың метафизикалық заңдылығы бойынша, бiр күш бар жерде екiншi күш те болады, яғни жаһандану жүрiп жатқан жерде оған қарсы үдерiс – ұлттану қоса жүредi, тоқтаймайды. Бүкiл әлемде солай. Ағылшын тiлi бәрiн жұтып жатыр деймiз де, керiсiнше үрдiстi байқамаймыз. Бүгiнде Германия немiс тiлiн қолдау үшiн тiл саясатында бұрын ұстанған либералды принциптерiн консервативтiк қағидаттарға алмастырды. Олар немiс тiлiнiң тазалығын сақтау үшiн бәрiн жасап отыр. Франкофондар мен испанофондардың халықаралық ұйымдарына осы тiлдегi мемлекеттер қыруар қаражат жұмсап отыр. Франция француз тiлi туралы бiрегей заң қабылдап, бұлжытпай орындап отыр. Францияның тiл туралы заңы – Тубон заңы деп аталады. Оны 1994 жылы Францияның Мәдениет министрi Жак Тубон әзiрлеген. Заң француз тiлiнiң ұлттық тiл ретiнде сақталуының бүкiл тетiктерiн көрсетiп берген. Тiл саясатындағы либералдық көзқарасты қолдаушылардың қатан сынына қарамастан, нелiктен олар осы заннан бас тартпай отыр? Себебi Еуропада жаһанданумен бiрге ұлттану саясаты жүрiп жатыр. Қазiр бәрi ұлттық тiлiн сақтап қалуға тырысады.

Посткенееттiк елдердiң iшiнде Арменияда «Армян тiлi туралы заң», Грузияда «Грузин тiлi туралы заңы» бар. Өзeрбайжанда да солай. Балтық елдерi туралы айтпай-ақ қояйық. Ал бiзде мемлекеттiк тiл туралы заң бар ма? Осындай заңды қабылдайтын уақыт жеттi емес пе?! Бiзде ұлттану, қазақтану үдерiсi күштi. Осыны түсiну керек. Егер қазақ тiлi модернизациялаймыз десек, бұл үдерiстердi ескере отырып, бiрiншi ұлттық әліпби жасауымыз керек. Қирил қарпi негiзiндегi әліпби – ұлттық емес. Өйткенi сiз ол әліпбiмен шеттен енген сөздердi қазақ тiлiнiң заңдылығы бойынша таңбалай алмайсыз, сөздердiң бiраз бөлiгiн орыс тiлiнiң заңдылығымен жазасыз. Ал латынға көшсек 32 әрiппен, қанша жерден қалап тұрасыңыз да, орыстың сөзiн орысша жаза алмайсыз. Сөз бәрiбiр орыс тұрқынан өзгерiп кетедi.

Тiлдi модернизациялау дегенде не iстеу керек? Қазiргi тенденцияларды ескере отырып, дұрыс тiл саясатын құру керек. Ұлттық және ағылшын тiлi күшейтiн болса, онда бiзде ағылшын тiлiнде сөйлейтiн қазақтар көбейедi. Ендiгi жерде ағылшын сөзiн қазақ мәтiнiнде өзертпей жазуды талап ететiндер шығуы мүмкiн. Мiне, осы проблемаға профилатикалық шараларды әзiрлен бастау керек.

«Құлағымыз үйреген Гарри Поттердiң қазақшаға «Харри» деп аударылуы осыдан дегенiңi зой...»

– **Әлбетте. Яғни ағылшын тiлiнен енген сөздердi ұлттық тiлде нгерудiң тетiктерiн латынграфикалы әліпби ережелерiн әзiрлеген кезде жасап қоюымыз керек. Ол үшiн ғылыми зерттеулер жүргiзiлуi тиiс. Бұл ретте бiр қиын проблема бар. Ол тiлдiң өзiне қатысты емес. Бiздiң тiлде гөп жоқ. Қазақ тiлiнiң ешнәресiсiн өзгертiп, реттеудiң қажетi жоқ. Оның тек сыртын – орфографиялық ережелерiн, әліпбиiн реттеу керек. Қазақ тiлi бай, сiздiң кез келген дiтiнiздi орындауға оның күлдiретi жетедi, мөлдiретi тұр. Мәселе – оны қолданатын сөйлеушiнiң сол тiлдi бiлмеуiнде, пайдаланбаудыа жатыр. Бұл проблеманы қазiр тек заңдармен реттеу керек. Егер заңмен қолданасты талап етсең, регламенттесең – онда бiлмейтiндер тiлдi пайдаланып, оның бай ресурстарын өзiне керетiң iздей бастайды. Артынан тiл ресурстарын көрсететiн алуан түрлi құралдарға сұраныс өседi. Мысалы, қазақ тiлiнiң ережелерiн насихаттайтын қалың жұртшылыққа арналған есбөкке сұраныс артады. Яғни тiл тұтынушысының қазақ тiлi туралы бiлiмi төрендейдi. Қазақ тiлiнiң жарнамасы күшейдi.**

– **«Қазақ тiлiнiң күнi туады» деп өз-өзiмiздi**

жұбатқанымызбен, күнөелiктi өмiрде – қошеде, базарда, мектеп пен балабақшада керiсiнше қазақ тiлiнiң аясы тарылып бара жатқандай сезiнетiнiң қалай? Мәселен, өзiме айналда бәрi қайтадан өзге тiлде сөйлеуге ден қойып бара жатқандай көрiнедi.

– Орыс тiлiнiң рөлi күшейiп бара жатыр деген сөзiңiз – негiзсiз нәрсе емес. Оны тек сiз айттып жатқан жоқсыз. Барлық денгейдегi сарапшылар да осыны айтады. Мықты сауалнама, әлеуметтiк зерттеу жүргiзген ғалымдар да осылай дейдi. Осындай жағдайда тiлдiк жағдайды реттеудiң мемлекеттiк құралдары iске қосылуы керек. Тiлiмiз заңнамалық қолдауға зәру. Тiл заңнамасындағы либерализмнен инструментализмге көшу керек. Бiз ұлттық тiлiмiздi барынша қорғап қалу кезеңiнде тұрмыз.

Мысалы, Германияда XVIII ғасырда немiс тiлi мақұрым қап, бүкiл

«Zhas Project» жобасы: миллионның иегері атан



– Жастарды қолдауға бағытталған «Zhas Project» жобасын манастырып өтсеңіз.

– Жастар корпусын дамытуға арналған, оның ішінде жастардың осал топтарына басымдық беретін «Zhas Project» әлеуметтік жобасы 2017 жылы Қазақстанда пилоттық режимде төрт облыста басталды. 2018 жылы жаңа алты аймақта жүзеге асырылса, бытыр Ақмола, Атырау, БҚО, Маңғыстау облыстары, Астана мен Алматы қалаларын қамтыды. Осылайша, жоба жалпы саны сегіз мыңнан аса жасты қамтуға мүмкіндік алды. 2020 жылы жоба Алматы мен Қарағанды облыстарында жүзеге асырылып, 250 жастың бастамасын қолдау таппақ. Ал, қатысушылардың жалпы саны 850 жасқа жетеді деп күтілуде. «Zhas Project» жобасына Қарағанды облысында тұратын 14-29 жас аралығындағы жастар қатысады. Басымдық жұмыс істемейтін, оқу оқымайтын, жұмыс істегенімен табысы төмен жастарға беріледі. Гранттық конкурста қатысу үшін идеяларын әлеуметтік жоба ретінде ұсынады. Сол әлеуметтік жобаларын іске асыру үшін 1 000 000 теңгеге дейінгі гранттар мен әлеуметтік шәкіртқақылар ұсынылады. Сондай-ақ, гранттан бөлек топтағы әр қатысушыға жоба жүзеге аса бастағанда шәкіртқақы төлене бастайды. Оның көлемі жоғары оқу орнының түлектері үшін 60 мың болса, қалған қатысушылар үшін 40 мың теңге. Топта үш немесе 5 адам болса әрқайсысы бойы шәкіртқақы алады. Жобаны жүзеге асыру мерзімі – 5 ай.

Жобаның ұраны – «Арманда! Ұсыныс! Іске асыр!». Онлайн тіркеуден өткеннен кейін іріктеу басталады. Конкурстық іріктеу 3 кезеңнен өтеді. Алғашқысы – техникалық. Мұнда онлайн түрде сайт арқылы қатысушы боп тіркелуді, өтінімді толтыру, жобаны толық сипаттау материалдық тұрғыдан да, әлеуметтік маңыздылығын да. Екінші кезеңінде бағалау комиссиясы әр жобаны талқылайды да әлеуметтік маңыздылығын ескере отырып, онлайн ұсынылған жобаны тексереді. Гранттық бағдарлама шеңберінде қолдау көрсетілетін жобалар тізімі бар, оны www.zhasproject.kz сайтынан, инстаграм (Zhas Project) парақшаларынан қарауға болады. Рандомизация деп аталған соңғы кезеңде жобалар кездейсоқтық әдіспен таңдалады. Бұл өз кезегінде грантты бармақ басты, көз қыстылыққа жол бермей, әділ тағайындауға мүмкіндік береді.

«Zhas Project» жобасы жастардың идеясын жүзеге асыратын алғашқы қолдау деп те атауға болады. Жобаның грантын иемденіп, өз әлеуметтік ісін бастағаннан кейін жас адамдарды өмірлік маңызды бар дағдыларды дамыту мен жобаларды басқару бойынша үш кезеңдік оқыту жұмыстары жүзеге асады. Тіпті ақпараттық-түсіндіру науқаны мен кері байланыс және мәселелерді шешуде жәрдемдесуде қарастырылғанын айта кеткен жөн. Қорыта айтқанда, аталмыш жоба – бизнеске талпынысы бар да, қаржысы жоқ жастарға бағытталған зор мүмкіндік.

2017 жылы Қазақстанда пилоттық режимде іске қосылған «Zhas Project» жобасы – жастарды қолдаудың бір тетігі. Білім және ғылым министрлігінің Дүниежүзілік банкпен бірлесіп ұйымдастырып отырған жобасы биыл Жезқазғанды да қамтымақ. Осы ретте жезқазғандық жастардың көшбасшысы, «Zhas Project» жобасының Жезқазған қаласындағы менторы Ботакөз Мұхиденқызын әңгімезген тартқан едік.

– Сонда жобаның мақсат-міндеті қандай?
– Жобаның басты мақсаты – жастарды қолдау, жастарға мүмкіндік беру, сондай-ақ, қоғамдастықтың өміріне тарту, қоғамның, айналасының игілігі жолында пайдалы қызмет етуге оқыту, пайдалы әрекеттер жасауға бағыт-бағдар беру, сенімділіктерін күшейту, табысты болашақ қалыптастыру үшін өмірлік дағдыларын дамыту, идеясы тасып тұрған, бойында күш-қайраты, жігері жалындап тұрған жастарға жаңа жол ашу, яғни жастардың уақытын да тиімді пайдаланып, қосымша қоғамға қызмет етуіне жағдай жасау. Бір жағынан әлеуметтік жоба болғандықтан, жастарды гуманизмге тәрбиелеп, жан-жағына деген жанашырлық, көмектесу, бірігіп еңбек ету, қолынан келген мақсатын жүзеге асыру, былайша айтқанда, рухани құндылығын арттыруды міндетті етіп отыр.

– Жастардың идеясын өміршең етуге атсалысатын жобаға қалай қатысуға болады?

– Ең әуелі, www.zhasproject.kz сайтына әр қатысушы телефон нөмірі арқылы тіркеліп, жеке кабинет ашады. Онлайн түрде сауалнаманы толтырып, құжаттарын қоса тіркейді. Сайттағы нысанға сәйкес өз жобаларын ұсынып, сипаттайды. Жобаға қатысатын топта бір көшбасшы болады. Жобалық өтінімді көшбасшының кабинеті арқылы толтырып, әр қатысушы жеке кабинетінен жобаға келісімін растайды. Жобалық өтінімді қабылдау мерзімі 2020 жылдың 1 ақпанынан 1 наурызға дейін. Одан кейін қабылданбайды. Сондықтан, жезқазғандық жастар тездетіп, мұндай қолдаудан қапы қалмаса деймін. Жобаға Жезқазған қаласының, Кенгір, Талап, Малышбай ауылдарының 14 пен 29 аралығындағы жастары өз бетінше немесе қабылдаушы ұйым арқылы өтініш беру арқылы қатыса алады (осы аумақтарда тұратын жастар осы жерлерде тіркеуде болуы керек).

– «Zhas Project» жобасы жайында әлі де көпшілік біле бермейтіні анық. Осы ретте, үгіт-насихат жұмыстарын күшейту жоспарланба ба?

– Біздің өңірдің жастары да мұндай қолдаудан тысқары қалмауы үшін біз қызу жұмыс бастап кеттік. Тұрғындарды ақпараттандыру қолға алынды. Бүгінгің өзінде жезқазғандық еріктілердің көмегімен қала көшелеріне, оқу орындары мен мекемелерге, қоғамдық көліктерде плакаттар ілініп, жадинамалар таратылуда. Сонымен қатар, Жезқазған жастар ресурстық орталығының әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларында жоба жайында арнайы жарияланымдар жасалып, жастардың қатысуымен өтетін кездесулердің уақыты мен мекенжайы көрсетіледі. Күні кеше ғана С. Сейфуллин атындағы кітапхананың коворкинг орталығында 25 жасты қамтыған ақпараттандыру кездесуі өтті. Сонымен қатар, Жезқазған жоғары медициналық колледжі мен Жезқазған политехникалық колледжіне де басқосулар ұйымдастырылды. Ауыл жастарын да қамту мақсатында 21 ақпанда Талап пен Кенгір селоларында кездесу ұйымдастыру жоспарланатын отыр. Жобаға қызығушылық танытқан жастарды 22 ақпанда сағат 14.00-де С.Сейфуллин атындағы кітапхананың коворкинг орталығында өтетін кездесуге шақырамыз. Барлық сұрақтар бойынша 87774192778 байланыс телефонына хабарласуға болады. Біз жастарға ашықпыз әрі қолдауға дейім әріміз.

– Әңгімеңізге рахмет. Қолдауға ие болғандардың қатарында жезқазғандық жастардың да табылуына тілектестік білдіреміз!

Бота ШАЛҚАР

ЖЕЗҚАЗҒАНДЫҚ ВОЛОНТЕРЛАР

«Samruk Kazyna Trust» корпоративтік қорынан қолдау тапты

2015 жылдан бастап «Samruk Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту корпоративтік қоры жанынан республикалық «Жеңіс» әлеуметтік-қайырымдылық жобасы іске қосылды. Жобаның негізгі мақсаты – қазақстандық қоғамды отаншылдық рухқа тәрбиелеп, инабаттылық-рухани құндылықтарды насихаттай отырып, Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне көмек көрсету.



«Жеңісті әр күні есте сақта!» ұранымен ұлттық компаниялар, қоғамдық ұйымдар, белсенді жастар мен «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобы «Даму-ұлытау» қоғамдық бірлестігі ЗТҚ-ның «Ұлттық еріктілер» желісімен бірлесіп жүзеге асты.

– Өрініс, волонтерлік әр қырлы болады. Кен өндірісінің қайнар бұлағы саналатын Жезқазған қаласында да шын пейілден волонтерлікпен айналысып, көмекке зәру жаңдарға барына қолғанат болып жүрген жандар аз емес. Біздің барлығымыздың түпкі мақсатымыз бір. Ол – көмек көрсету. Тек біздің ерекшелігіміз – Ұлы Отан соғысы және тыл ардагерлеріне көмек көрсетеміз. «Қарты бардың қазынасы бар» деген аталы сөзді ұраны еткен біздің волонтерлер ерен еңбегімен елін қорғап, қасық қаны қалғанша бейбітшілік үшін арпалысқан батыр бабаларымызды, жаужүрек ата-әжелерімізді ешқашан ұмытқан емес. Алғаш құрылған жылдары олардың саны қазіргіге қарағанда көп еді. Бүгінде күннен-күнге қатары азайып бара жатыр. Қазіргі таңда қала бойынша тек 4 Ұлы Отан соғысы ардагері мен 31 тыл ардагері қалды. Аталған 4 ардагердің қатарында Алексей Миненко, Нина Виноградова, Александр Гусак, Иван Артеменко бар. Биыл еліміз үшін де, осынау қарт ардагерлер үшін де ерекше жыл. Біз Жеңістің 75 жылдығын тойлағалы отырмыз. Биыл да жылдағы дәстүрден жаңылмай мереке қарсаңында қарияларымызды ерекше құттықтайтын боламыз. Біздің тапқыр да жанашыл волонтерлер түрлі идеяларын ортаға салуда, – дейді «Жеңіс» волонтерлер клубының жетекшісі, жобаның Жезқазған қаласы бойынша ресми координаторы әрі «Даму-Ұлытау» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Қания Тұрсынбаева.

«Жеңіс» волонтерлер клубының бүгінге дейін атқарған жұмыстары да аз емес. Ардагерлердің үйлеріне барып, олардың үй шаруашылығына көмектесуден бөлек түрлі қайырымдылық шараларымен де айналысатын клубтың құрамында 15-ке жуық волонтер бар. Волонтерлердің ардагерлерге көмек көрсетуі үшін «Samruk Kazyna Trust» қаржы бөледі. Тікелей дүкендер желісіне бөлінетін қаржыға «жеңістіктер» ардагерлерге азық-түлік беттерін алып береді. Сондай-ақ, түрлі қоғамдық іс-шараларға да белсене араласатын волонтерлер көңіл қуантар көп істің басы-қасынан табылып жүр. Соның бірі – «Жеңіс» волонтерлер клубы ұйымдастырған «Жеңісті әр күні есте сақтаймыз!» атты фотожәрме. Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университеті мен Жезқазған бизнес және көлік колледжі студенттерінің бірлесуімен ұйымдастырылған фотожәрмеде қарт жауынгерлердің жастық шақтары мен бүгінгі кезеңдегі өмірі және «Жеңіс» клубы волонтерларының осы уақытқа дейін атқарған жұмыстарынан хабар беретін естелік суреттер көрермендер назарына ұсынылды. Жезқазған қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі және «Kazakh trust» корпорациясы ардагерлер кеңесімен бірлесіп жұмыс істейтін «Жеңіс» волонтерлары республика көлеміндегі шаралардан да құр қалған емес. Мысалы, дүниежүзілік волонтерлер күні қарсаңында «Samruk Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту корпоративтік қорының бастамасымен жүзеге асып, еліміздің 17 аймағынан келген «Жеңіс» волонтерларының басын қосқан кездесуге клуб мүшелері Арман Кенжебек пен Әділ Тенгебек барып қатысып, өзара тәжірибе алмасып қайтты.

– Жеңістің 75 жылдық мерейлі мерекесін жезқазғандық «Жеңіс» волонтерлер клубы да асыға күтіп жүр. Біздің алуарларымыз әлі де алда. Біз қарияларға көмек көрсетуден ешқашан жалықпаймыз, – деген «жеңістіктер» жұмысына біз де толайым табыстар тілейміз.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

БҮГІНГІ КҮН ТАҚЫРЫБЫНА

ОҢАЙ ОЛЖА ОРҒА ЖЫҒАДЫ

немесе «Қара касса» қарабет атандырмасын

Соңғы күндері әлеуметтік желіде желдей есіп, қалың жұртшылықтың есін алған «Черная касса», «Котел» ойындары туралы естіген боларсыз. Ойынның шарты да бір қарағанда өте қарапайым. Арнайы құрылған кесте бойынша 14 300 теңге жарна салып, артыңыздан екі адам әкелуіңіз керек. Әлгі екі адам да өз арттарынан тағы екі адам қосуға міндетті. Осылайша ойыншылар қосылған сайын алдыңғылары «басты сыйақы» 114 мыңға жақындай түседі. Артыңыздан жиналғандар саны 14 адамға жеткен соң сіз автоматты түрде уәде етілген ұтысқа не боласыз да ойыннан шығасыз. Тағы пайдаға кенелтіңіз келсе, ойынды басынан бастайсыз.

Міне, дәл осындай мәтіндегі хабарламалар неше күннен бері көп адамның телефонына тыныштық бермей жатыр. Уатсап желісіндегі кез келген топта осы әңгіменің гуілі басылар емес, керісінше өршіп бара жатқандай. Әлгі 114 400 теңгеге шынымен қол жеткізген таныстарыңызды көргенде ойлаңыз қалатыныңыз да жасырын емес. Аталмыш ойын тек біздің елімізде ғана емес, Орта Азия елдерінің көпшілігінде үлкен танымалдыққа ие болуда. Ел арасында ойын «Kaspi.kz» банкінің ұйымдастыруымен жүзеге асып отыр деген қауесет те тарайды. Бұл мәселе бойынша ресми жауап берген банк «Котел» ойынына еш қатысы жоғын және ешқашан қаржы пирамидаларына қолдау білдірмейтінін мәлімдеді.

Ойынның үгітшілері алаңдауға негіз жоғын айтып, «насихат» жұмыстарын жалғастыруда. Топпен ойналатын «котелде» ауызбіршілік пен «біріміз біріміз үшін, біріміз біріміз үшін» деген қағида маңызды. «Бірдің кесірі мыңға тиеді» деген қазақтың мақалы да қазір ойыншылар арасында өзекті болып отыр. Өйткені, ойынға келген адам соңынан адам жинамайтын болса, ойын тоқтап қалады.

Ал, ойынға қарсы екінші тарап өкілдері бұл да қаржылық пирамиданың бір түрі екенін айтып дабыл қағуда. Соған сай, еліміздің білікті экономистері де өз пікірлерін білдіріп, оңай олжа болмайтындығын айтып сақтыққа шақыруда. Мәселенің мән-жайын нақтылау мақсатында біз де қаламыздағы заңгер маман Орынбасар Тастанбаевқа хабарластық.

– Бұл ойынның да қаржылық пирамида екені анық. Еліміз бойынша 2018 жылы қаржылық пирамидаға ақша салып, жапа шеккендерден 103, 2019 жылы 23, 2020 жыл басталғалы 4 шағым түсіп, алаяқтық іс қозғалған екен. Алданғандар бұл шифрдағыдан да көп болуы мүмкін. Өйткені, көп жағдайда азаматтар өз қаржысын қайтара алмайтындығын ұғынып, заң органдарына жүгінбейді. Бұны күнделікті көріп те, естіп те жүрміз. Шынығында, қаржы пирамидасы іспеттес барлық ойыншылардың көзделгені бір-ақ нәрсе, ол – өзіне пайда келтіру. Ақша деген – жақсы дүние, әрине. Ақша көбейген сайын үсті-үстіне молайса екен дейміз. Дегенмен, бұндай қаржылық пирамидаларға ақша салып, бірнеше рет ұтқаннан кейін одан әрі құнығып, едәуір көлемдегі қаржысын салып жібергендер де аз емес. Сол көрсексізарлық пен өз-өзін тоқтата алмаушылықтың салдарынан 5 миллионға дейін қар-жысынан айрылғандар бар. Ойын шынайы қалыпта жүргізіліп жатыр дегеннің өзінде өз қалтасы қампайғаннан кейін өзінің ізбен ерген адамдарға «құл болмасаң бұл бол» дейтіндердің де бар екендігі рас. Міне, сол жағдайда пирамиданың басында тұрған адамға ғана уәде етілген мөлшердегі сома түседі. Ал, одан кейінгі тіркелушілерге ше? Оларға обал болмай ма? Бір адам толығымен 14 адамды жинап, әлгі 114 400-ге қол жеткізді делік. Одан кейінгі, пирамиданың соңғы жағында тұрған жандар не істемек? Олардың бәрінің соңынан сеніп, қаржысын сала беретін адам ермейді ғой. Міне, бұл жағдайда қаржылық пирамиданың соңғы жағында сол қатысушылардың қатысу жарналары босқа күйіп жетеді. Тұл себепті, осындай жағдайлардың орын алмауы үшін мен де басқа экономист, заңгер өріптестерімнің сөздерінің жаны бар екендігін растаймын. Одан да сол ойынға құйған ақшаның банкте



сақтағаныңыз немесе басқа да игілікке жаратқаныңыз құба-құп болады, әрі бұл ең сенімді тәсіл, – деді.

Байқағаныңыздай бұл ойынның қаржылық пирамидалан еш айырмасы жоқ. Осы ретте, біз оқырман қауымға ақша пирамидасын құру заңмен қудаланатынын ескерткенді жөн көрдік. Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің «Қаржылық (инвестициялық) пирамиданы құру және оған басшылық ету» деп аталатын 217-бабы бойынша қаржылық пирамиданы құрған және ұйымдастырған адамға айыппұл салынады немесе қоғамдық жұмыстарға тартылады. Қаржылық (инвестициялық) пирамиданы құру, яғни тартылған қаражатты қабылданған міндеттемелерді қамтамасыз ететін кәсіпкерлік қызметке пайдаланбай, жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ақшасын немесе өзге мүлкін не оған құқығын қайта бөлу және бір қатысушыларды басқалардың жарналары есебінен байыту арқылы осы активтерді тартудан табыс алу (мүліктік пайда табу) жөніндегі қызметті ұйымдастыру, сол сияқты қаржылық (инвестициялық) пирамидаға немесе оның құрылымдық бөлімшесіне басшылық ету – мүлкі тәркіленіп, үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға, не сегіз жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады» делінген.

Осынау «Черная касса» немесе «Котел» ойынымен кеңірек таныспақ мақсатта бізде аталған ойынға қатысушылар жинап жатқан WhatsApp чатындағы топқа тіркелдік. Топтағы жағдай көңіл қуантарлық дей алмаймыз. Бірінші болып ақша салған адам өзіне керекті соманы жинап алған соң топтан шығып кеткен. Ал оның сөзіне еріп соңынан ерген өзге ойыншылар өздері қажет адам санын толтыра алмай алек болуда. Әлеуметтік желілер мен сайт беттерінде бұл ойынның қалтаңызға қауіп төндіретіндігін айғайтайтын журналистік зерттеулер көбеюі себепті көп адам оны бастағыдай емес, бұларға сеніп, ақша салудан бас тартқан. Сонымен, 114 400 таппақ түгілі, қалтасындағы 14 300 теңгесінен айрылған ойыншылар соңынан ерткен ағайын-туыс, дос-жаран мен тандас-тамыр алдында абыройсыз қалуға. Ойсыз ойынның соңы осындай абыройсыздыққа душар ететініне тағы бір көз жеткіздік. Қанша дегенмен табан ақы, маңдай термен табылған жан адал ғой. Басқасына бас қатырып қайтесіз.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

ЖЕМҚОРЛЫҚ – ІНДЕТ, ЖОЮ – МІНДЕТ!

СЫБАЙЛАСТЫҚТАН САҚТАНДЫРДЫ

Ел дамуы мен экономикасына орасан зор зиян келтіріп, ұлттық мүддені аяқ асты ететін сыбайлас жемқорлық қазіргі таңда қоғамның басты дертіне айналып отыр. Тамыры тереңге жайылып бара жатқан қылмыстан бірінші кезекте мемлекеттік қызметшілер сақ болғаны абзал. Осы мақсатта қалалық әкімдіктің мамандары еліміздің сыбайлас жемқорлыққа қарсы 2015-2025 жылдарға арналған стратегиясы аясында қала сыртында орналасқан түзету мекемесіне барып, жаза басып, уақытын қамауда өткізіп жатқан жандардың жай-күйін өз көздерімен көріп қайтты.



– Қылмыстың қай түрі болсын түбі жақсылыққа душар етпейтіні анық. Қазіргі таңда сыбайлас жемқорлық фактілері жиілеп кетті. Сөйкесінше, дер кезінде қылмыстары ашылып, құрықталып жатқандар да аз емес. Заң да күннен-күнге қатандауда. Соның нәтижесінде пара алушылар мен пара берушілер дер кезінде тиісті жауапқа тартылып жатыр. Шынығында, қылмыстың қай түрінің болмасын жазасы оңай емес. Мұны кез келген қызметкер түсіне білуі керек. Қандай да болсын қылмысқа бармаса бұған өзіне ұміт артып отырған отбасынды, туған-туыстарының жайын ойлау керек деп ойлаймын. «Өтіріктің құйрығы бір-ақ тұтам» демеі ме?! Кез келген қылмыс түбінде әшкерә болады. Сол себепті көрсексізарлық пен ашкөздікке салынбай адал жұмыс істеп, абырой биігінен көрінгенге не жетсін. Бүгін

біздің мекемеге қаламыздағы мемлекеттік қызметшілер бас сұқты. Біз оларға қылмысқа барған адамды қандай жағдай күтетіндігін барына түсіндіруге тырыстық. Бұндай шаралар жиі ұйымдастырылып тұрғаны жөн, – дейді ҚР ІІМ қылмыстық атқару комитеті Қарағанды облысы бойынша департаменті АҚ-159/25 мекемесі бастығының орынбасары Азамат Аманжолов.

Шара барысында мемлекеттік қызметшілер түзету мекемесі базасындағы 24 сағат бойы бейнебақылау камерасы бақылауындағы қамау камералары, жазасын өтеушілер демалатын орын, олардың асханасы және туыстарымен кездесуге арналған орындарға бас сұғып, қылмыс пен жаза және оның орны толмас зардамын кенінен ұғынуға тырысты.

Ай СҮГІР

QAZAQSTAN
06:05 «Másele». 06:30 «Құрбылар». 07:00 «TANSHOLPAN». 10:00 «Шытынаған тағдар». 12:00 «NIET». 14:00 AQPAPAT. 14:10 «Косем». 15:10 «Арпа». 16:00 «100 JANA ESIM». 16:10 «Ұлттық арнада ұмытпалмас әндер». 17:00 AQPAPAT. 17:15 «ӘУЛИЕТ АРЬ». 18:00 «ШЫТЫНАҒАН ТАҒДЫР». 20:00 AQPAPAT. 20:30 «КӨКЕМАС». 20:35 «ASHYQ ALAN». 21:30 «КӨКЕМ». 23:20 «СЕН ДЕ БІР КІРІШ ДҮНИЕГЕ...». 23:50 «Қайырлы кеш, Қазақстан!». 00:50 AQPAPAT. 01:20 «Niет».

ХАБАР
06:00 «7 күн». 07:10 «Бәсеке». 08:10 «Тобет». 08:40 «Мәзігісіз махаббат». 09:30 «Бақталас». 10:20 «Листопад». 12:00 Жаңалықтар. 12:15 «Баспағана бағыт». 12:45 Новости. 13:00 «Простая жизнь». 14:50 «Мәзігісіз махаббат». 16:30 «Қызық тиіс». 17:45 «Абдулхамид хан». 19:30 Қорытынды жаңалықтар. 20:00 «Бақталас». 20:50 «Народный контроль». 21:00 Итоги дня. 21:40 «Листопад». 23:15

QAZAQSTAN
06:05 AQPAPAT. 06:35 «Құрбылар». 07:00 «TANSHOLPAN». 10:00 «Шытынаған тағдар». 12:00 «NIET». 14:00 AQPAPAT. 14:10 «Косем». 15:10 «Арпа». 16:00 «100 JANA ESIM». 16:10 «Ұлттық арнада ұмытпалмас әндер». 17:00 AQPAPAT. 17:15 «ӘУЛИЕТ АРЬ». 18:00 «ШЫТЫНАҒАН ТАҒДЫР». 20:00 AQPAPAT. 20:30 «КӨКЕМАС». 20:35 «ASHYQ ALAN». 21:30 «КӨКЕМ». 23:20 «АЗМАТ». 23:50 «Қайырлы кеш, Қазақстан!». 00:50 AQPAPAT. 01:20 «Jan julyu». 01:50 ФУТБОЛ.

ХАБАР
06:00 Қорытынды жаңалықтар. 07:10 «Бәсеке». 08:10 «Тобет». 08:40 «Мәзігісіз махаббат». 09:30 «Бақталас». 10:20 «Листопад». 12:00 Жаңалықтар. 12:15 «Баспағана бағыт». 12:45 Новости. 13:00 «Простая жизнь». 14:50 «Мәденет үйі». 16:30 «Қызық тиіс». 17:45 «Абдулхамид хан». 19:30 Қорытынды жаңалықтар. 20:00 «Бақталас». 20:50 Новый курс. 21:00 Итоги дня. 21:40 «Листопад». 23:15 «Абдулхамид хан». 00:50 «Бәсеке».

QAZAQSTAN
06:05 AQPAPAT. 06:35 «Құрбылар». 07:00 «TANSHOLPAN». 10:00 «Шытынаған тағдар». 12:00 «NIET». Тікелей эфир. 14:00 AQPAPAT. 14:10 «Косем». 16:00 «АЗМАТ». 16:30 «Көшпенділер». 17:00 AQPAPAT. 17:15 «ӘУЛИЕТ АРЬ». 18:00 «ШЫТЫНАҒАН ТАҒДЫР». 20:00 AQPAPAT. 20:35 «ASHYQ ALAN». 21:30 «КӨКЕМ». 23:20 «БІР КҮН». 23:50 «Қайырлы кеш, Қазақстан!». 00:50 AQPAPAT. 01:20 «Қоңлашар». 01:50 ФУТБОЛ.

ХАБАР
06:00 Қорытынды жаңалықтар. 07:10 «Бәсеке». 08:10 «Тобет». 08:40 «Мәденет үйі». 09:30 «Бақталас». 10:20 «Листопад». 12:00 Жаңалықтар. 12:15 «Баспағана бағыт». 12:45 Новости. 13:00 «Простая жизнь». 14:50 «Мәденет үйі». 16:30 «Қызық тиіс». 17:45 «Абдулхамид хан». 19:30 Қорытынды жаңалықтар. 20:00 «Бақталас». 20:50 «Біздің заманы». 21:00 Итоги дня. 21:40 «Листопад». 23:15 «Абдулхамид хан». 00:50 «Бәсеке».

АСТАНА

«Абдулхамид хан». 0:50 «Бәсеке».

АСТАНА
06:00 «Ән мен әзіл». 06:30 «Күлдірген». 07:00 «Үздік әзілдер». 08:00 «Маша и медведь». 10:00 «Кулфи». 11:30 «Қара ниет». 12:30 «Қош келдіңіз!». 13:30 Vine Time. 14:00 «Барышша-Крестьянка». 15:10 «Дулар». 16:30 «Біреудің есебінен». 17:30 «Үздік әзілдер». 18:00 «Сыла». 20:00 ASTANA TIMES. 20:55 Лотерея «777». «Кепе». 21:00 «Қара ниет». 22:00 «Кулфи». 23:25 «Бір болайық». 00:25 Vine Time. 00:55 «Дулар». 01:55 «Біреудің есебінен». 02:55 «KazNet». 03:15 ASTANA TIMES. 04:05 «Келін бақыты». 05:25 «Ән мен әзіл».

КТК
07:05 «КТК ҚОРЖЫНЫНАН». 07:20 «ДҰО-ДАМАЙСЫЗ». 07:50 «ЖАН ҚҰРБЫМ». 08:50 «МҰҢАЙМА, НЕФИСЕ». 09:50 «ПРИВЕТ ОТ АИСТА». 13:50 «НУЖНА НЕВЕСТА С ПРОЖИВАНИЕМ». 15:50 «ДОЖИТЬ ДО ЛЮБВИ». 17:00 «ЖАН ҚҰРБЫМ». 18:00 «ҚАРА ТЕНІЗ». 19:30 КЕШКІ

АСТАНА
06:00 «Ән мен әзіл». 06:30 «Күлдірген». 07:00 «Үздік әзілдер». 08:00 «Маша и медведь». 10:00 «Кулфи». 11:30 «Қара ниет». 12:30 «Қош келдіңіз!». 13:30 Vine Time. 14:00 «Барышша-Крестьянка». 15:10 «Дулар». 16:30 «Біреудің есебінен». 17:30 «Үздік әзілдер». 18:00 «Сыла». 20:00 ASTANA TIMES. 20:55 Лотерея «777». «Кепе». 21:00 «Қара ниет». 22:00 «Кулфи». 23:25 «Бір болайық». 00:25 Vine Time. 00:55 «Дулар». 01:55 «Біреудің есебінен». 02:55 «KazNet». 03:15 ASTANA TIMES. 04:05 «Келін бақыты». 05:25 «Ән мен әзіл».

КТК
07:05 «КТК ҚОРЖЫНЫНАН». 07:20 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 07:50 «ЖАН ҚҰРБЫМ». 08:50 «МҰҢАЙМА, НЕФИСЕ». 09:50 НОВОСТИ. 10:30 «РОЗЫСҚА». 11:50 «ШЕФ». 14:00 «КТО ТЫ?». 15:50 «ДОЖИТЬ ДО ЛЮБВИ». 17:00 «ЖАН ҚҰРБЫМ». 18:00 «ҚАРА ТЕНІЗ». 19:30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20:00 «АСТАРЛЫ АҚИКАТ». 21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ. 21:40 «ШЕФ». 23:40 «КТО ТЫ?». 01:20 «МҰҢАЙМА, НЕФИСЕ».

06:00 «Ән мен әзіл». 06:30 «Күлдірген». 07:00 «Үздік әзілдер». 08:00 «Маша и медведь». 10:00 «Кулфи». 11:30 «Қара ниет». 12:30 «Қош келдіңіз!». 13:30 Vine Time. 14:00 «Барышша-Крестьянка». 15:10 «Дулар». 16:30 «Біреудің есебінен». 17:30 «Үздік әзілдер». 18:00 «Сыла». 20:00 ASTANA TIMES. 20:55 Лотерея «Лот649». «777». «Кепе». 21:00 «Қара ниет». 22:00 «Кулфи». 23:25 «Бір болайық». 00:25 Vine Time. 00:55 «Дулар». 01:55 «Біреудің есебінен». 01:55 «KazNet». 02:15 ASTANA TIMES. 03:05 «Келін бақыты». 04:25 «Ән мен әзіл».

КТК
07:05 «КТК ҚОРЖЫНЫНАН». 07:20 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 07:50 «ЖАН ҚҰРБЫМ». 08:50 «МҰҢАЙМА, НЕФИСЕ». 09:50 НОВОСТИ. 10:30 «ТРАССА СМЕРТИ». 11:50 «ШЕФ». 14:00 «КТО ТЫ?». 15:50 «ДОЖИТЬ ДО ЛЮБВИ». 17:00 «ЖАН ҚҰРБЫМ». 18:00 «ҚАРА ТЕНІЗ». 19:30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20:00 «АСТАРЛЫ АҚИКАТ». 21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ. 21:40 «ШЕФ». 23:40 «КТО ТЫ?». 01:20 «МҰҢАЙМА, НЕФИСЕ».

АСТАНА

06:05 AQPAPAT. 06:35 «Құрбылар». 07:00 «TANSHOLPAN». 10:00 «Шытынаған тағдар». 12:00 «NIET». 14:00 AQPAPAT. 14:10 «Косем». 16:00 «Бір күн». 16:25 «ҚАЗЫНАДЫ ҚАЗАҚТАЙ». 17:00 AQPAPAT. 17:15 «ӘУЛИЕТ АРЬ». 18:00 «ШЫТЫНАҒАН ТАҒДЫР». 20:00 AQPAPAT. 20:35 «ASHYQ ALAN». 21:30 «КӨКЕМ». 23:20 «Nur Tiley». 23:50 «Қайырлы кеш, Қазақстан!». 00:50 AQPAPAT. 01:20 «Қоңлашар». 01:50 ФУТБОЛ.

ХАБАР
06:00 Қорытынды жаңалықтар. 07:10 «Бәсеке». 08:10 «Тобет». 08:40 «Мәденет үйі». 09:30 «Бақталас». 10:20 «Листопад». 12:00 Жаңалықтар. 12:15 «Баспағана бағыт». 12:45 Новости. 13:00 «Простая жизнь». 14:50 «Мәденет үйі». 16:30 «Қызық тиіс». 17:45 «Абдулхамид хан». 19:30 Қорытынды жаңалықтар. 20:00 «Бақталас». 20:50 «Народный контроль». 21:00 Итоги дня. 21:40 «Листопад». 23:15 «Абдулхамид хан». 00:50 «Бәсеке».

QAZAQSTAN
06:05 AQPAPAT. 06:35 «Құрбылар». 07:00 «TANSHOLPAN». 10:00 «Шытынаған тағдар». 12:00 «NIET». 14:00 AQPAPAT. 14:10 «Косем». 16:00 «Иман өзегі». 16:25 «Ауылдастар». 17:00 AQPAPAT. 17:15 «ӘУЛИЕТ АРЬ». 18:00 «ШЫТЫНАҒАН ТАҒДЫР». 20:00 AQPAPAT. 20:35 «ASHYQ ALAN». 21:30 «КӨКЕМ». 23:20 «Сағдындырған әндер-ай!». 23:50 «Parasat maidany». 23:50 «Қайырлы кеш, Қазақстан!». 00:50 AQPAPAT. 01:20 «Niет».

ХАБАР
06:00 Қорытынды жаңалықтар. 07:10 «Бәсеке». 08:10 «Тобет». 08:40 «Мәденет үйі». 09:30 «Бақталас». 10:20 «Листопад». 12:00 Жаңалықтар. 12:15 «Патриот». 12:45 Новости. 13:00 «Простая жизнь». 14:50 «Мәденет үйі». 16:25 «Фелиция. Сегодня». 17:45 «Қоғамдық талқылау». 17:45 «Абдулхамид хан». 19:30 Қорытынды жаңалықтар. 20:00 «Бақталас». 20:50 Новый курс. 21:00 Итоги дня. 21:40 «Листопад». 23:15 «Абдулхамид хан». 00:50 «Бәсеке».

QAZAQSTAN
06:05 AQPAPAT. 06:35 «Құрбылар». 07:00 «TANSHOLPAN». 10:00 «Шытынаған тағдар». 12:00 «NIET». 14:00 AQPAPAT. 14:10 «Косем». 16:00 «Иман өзегі». 16:25 «Ауылдастар». 17:00 AQPAPAT. 17:15 «ӘУЛИЕТ АРЬ». 18:00 «ШЫТЫНАҒАН ТАҒДЫР». 20:00 AQPAPAT. 20:35 «ASHYQ ALAN». 21:30 «КӨКЕМ». 23:20 «Сағдындырған әндер-ай!». 23:50 «Parasat maidany». 23:50 «Қайырлы кеш, Қазақстан!». 00:50 AQPAPAT. 01:20 «Niет».

ХАБАР
06:00 «Тамаша». 07:40 «Бәсеке». 08:40 «Тобет». 09:10 «Патриот». 09:40 «Не туристы!». 10:10 «Дорогая Кымба». 10:30 «Селәполетелә!». 11:00 «От всего сердца». 12:00 «Жұлдызды жекпе-жек». 13:45 «Мәдениет үйі». 15:15 «Шала». 17:00 Футбол. 18:30 Концерт. 20:15 «Отгдл журналистскис раследовании». 21:00

QAZAQSTAN
06:05 «Qyzuq ekeп...». 07:00 «Сәлем, Қазақстан!». 08:20 «Aqsayut». 08:45 «Dara job». 09:30 «Köniл tolynuу». 10:30 «Шытынаған тағдар». 12:00 «Ауылдастар». 12:30 «МЫҢ АЛҒЫС». 14:10 «Косем». 15:10 Мультфильм. 15:40 «ГАРРИ ПОТТЕР ЖӘНЕ АЖАЛ СЫЙЫ». 18:00 «ШЫТЫНАҒАН ТАҒДЫР». 20:00 «АРТА». 20:45 «ҚҰТ МЕКЕН». 21:10 «Köniл tolynuу». 21:30 «КӨКЕМ». 22:30 «Армандай бiл». 00:20 «Өндер мен жылдар». 01:50 «Ауылдастар».

ХАБАР
06:00 «Тамаша». 07:40 «Бәсеке 2». 08:40 «Тобет». 09:10 «Сенат аскалов». 09:40 «Жаңыңгер». 10:00 «Олжалы отбасы». 10:30 «Селәполетелә!». 11:00 «От всего сердца». 12:00 «Бір туынды тарихы». 12:30 «Наш милый доктор». 14:00 «Шерлок Холмс». 15:45 «Бақталас». 18:45 «Mәжіліс.kz». 19:15 «Жұлдызды жекпе-жек». 21:00 «7 күн». 22:00 «Шерлок Холмс». 23:40 «Черный список». 00:30 «Бәсеке». 01:30 «Мектеп».

АСТАНА
06:00 «Ән мен әзіл». 06:30 «Күлдірген». 07:00 «Үздік әзілдер». 08:00 «Маша и медведь». 10:00 «TeleBingo». 10:25 «Кулфи». 11:55 «Қара ниет». 13:00 «Қош келдіңіз!». 14:00 «Операция «Ы» и другие приключения Шурика». 16:10 Vine Time. 16:40 «Үздік әзілдер». 18:00 «Сыла». 20:00 «Astana атпасы». 20:40 «Аялы алақан». 20:55 Лотерея «777». «Кепе». 21:00 «Қара ниет». 22:00 «Кулфи». 23:25 «Вас Тимур». 01:05 «Ел аузында». 01:50 «Итоги». 02:30 «Қызық бақыты». 03:40 «KazNet». 04:10 «Келін бақыты». 05:30 «Ән мен әзіл».

КТК
07:05 «КТК-да КАБАТОВ». 08:10 «ӨНДЕР МЕН ЖЫЛДАР». 09:30 «СМЕЯТЬСЯ РАЗРЕШАЕТСЯ». 11:20 «СЕСТРА ПО НАСЛЕДСТВУ». 15:10 «ПРИЛИЧНАЯ СЕМЬЯ СДАСТ КОМНАТУ». 19:00

ЖАҢАЛЫҚТАР. 20:00 «АСТАРЛЫ АҚИКАТ». 21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ. 21:40 «ШЕФ». 23:40 «КТО ТЫ?». 01:20 «МҰҢАЙМА, НЕФИСЕ». 02:10 «ҚАРА ТЕНІЗ». 03:15-04:00 «АСТАРЛЫ АҚИКАТ».

7-АРНА
06:00 «Қыздар арасында». 06:30 «Азулылар әулеті». 07:30 «Элифи». 08:30 «Славные парни». 09:30 «Помени ЗД». 13:00 «МУҢАЙМА, НЕФИСЕ». 02:10 «ҚАРА ТЕНІЗ». 03:15-04:00 «АСТАРЛЫ АҚИКАТ».

31
06:00 Ризамын. 07:00 Информбюро. 08:00 Бауржан шоу. 09:00 «Әзілдер жинағы». 10:00 «Семейное ограбление». 12:00 «Суррогатты». 14:00 «Ералаш». 15:00 «Экстрасенсы

«ШЕФ». 23:40 «КТО ТЫ?». 01:20 «МҰҢАЙМА, НЕФИСЕ». 02:10 «ҚАРА ТЕНІЗ». 03:15-04:00 «АСТАРЛЫ АҚИКАТ».

7-АРНА
06:00 «Қыздар арасында». 07:00 «Азулылар әулеті». 08:00 «Элифи». 09:00 «Мажор 3». 10:10 «Смеяться разрешается». 11:35 «Анна-детективъ». 12:45 «Жүрек сыры». 14:00 «Әкесінің баласы». 14:30 Скетчком «Q-елі». 15:00 «Көңілді тапқырлар алаңы». 16:00 «Горничная». 17:10 «Анна-детективъ». 18:10 «Мажор 3». 19:10 «Суперкопы». 20:00 «Форс Мажор». 21:00 «Бастық боламын». 22:00 «Элиф». 23:00 «Азулылар әулеті». 00:00 «Форс Мажор». 01:10 «Вавилон Н.Э.». 03:30 «Айнаолайн». 03:45 «Элиф». 04:30 «Жеңіп көр». 05:15 «Гу-гулет».

31
06:00 Ризамын. 07:00 Информбюро. 08:00 «Антан». 09:00 «Әзілдер жинағы». 10:20 «Красные беге». 13:00 «Қара маржан». 14:00 «Ералаш». 15:00 «Экстрасенсы детективы». 16:00 «Экстрасенсы детективы». 17:00 «Сеня-

детективы». 16:00 «Экстрасенсы детективы». 17:00 «Сеня-Федя». 17:30 «Сеня-Федя». 18:00 «Улетный экипаж». 20:00 Информбюро. 21:00 «Қара маржан». 22:00 «Антан». 23:00 «What's Up?». 00:00 «Полицейский с Рублевки». 02:00 Алдараспан, Шаншар нысана әзілдері. 04:00 Ризамын. 05:00 Әзіл студия.

ДИДАР
08:00 «Гороскоп». 08:30 «Таңғы шоу». 11:05 «Ойан шіндегі ойын». 13:00 «Жеңіс-75». 13:15 «Көкейтесті». 13:55 «Қазақтың жігіттері». 15:25 «Неизведанный Казахстан». 15:55 «Слова назидания Абая Қунабаева». 16:00 «Хабарландыру». 16:30 «Жүрек тынысы». 17:20 «Асыл арман». 18:00 «Қазақстан байтақ өлке». 18:25 «Слова назидания Абая Қунабаева». 18:30 «Гороскоп». 18:35 «Хабарландыру». 19:05 Документальный фильм. 20:05 «Тәңірі тақтық тарихы». 20:30 «Диалр». 21:00 «Сәлем». 22:00 «Панорама недели». 22:20 «Территория прониществий». 22:30 «Тәулік тынысы». 22:55 «Ән шашу». 23:30 «Диалр».

Федя». 17:30 «Сеня-Федя». 18:00 «Улетный экипаж». 20:00 Информбюро. 21:00 «Қара маржан». 22:00 «Антан». 23:00 «What's Up?». 00:00 «Полицейский с Рублевки». 02:00 Алдараспан, Шаншар нысана әзілдері. 04:00 Ризамын. 05:00 Әзіл студия.

ДИДАР
08:00 «Диалр». 08:30 «Гороскоп». 08:35 «Таңғы шоу». 11:35 Мультфильм. 12:20 «Асыл арман». 13:00 «Диалр». 13:00 «Тәңірі тақтық тарихы». 13:55 «Падша оңер, самғай бек». 15:30 «Қазақстан байтақ өлке». 15:55 «Слова назидания Абая Қунабаева». 16:00 «Хабарландыру». 16:30 Документальный фильм. 17:20 «Асыл арман». 18:00 «Диалр». 18:15 «Мультфильм». 18:25 «Слова назидания Абая Қунабаева». 18:30 «Гороскоп». 18:35 «Хабарландыру». 19:05 «Неизведанный Казахстан». 19:50 «Салмақты сөз». 20:30 «Диалр». 21:00 «Сәлем». 22:00 «Панорама дня». 22:20 «Территория прониществий». 22:30 «Тәулік тынысы». 22:55 «Ән шашу». 23:30 «Диалр».

«Улетный экипаж». 20:00 Информбюро. 21:00 «Қара маржан». 22:00 «Антан». 23:00 «What's Up?». 00:00 «Полицейский с Рублевки». 02:00 Алдараспан, Шаншар нысана әзілдері. 04:00 Ризамын. 05:00 Әзіл студия.

02:10 «ҚАРА ТЕНІЗ». 03:15-04:00 «АСТАРЛЫ АҚИКАТ».

7-АРНА
06:00 «Қыздар арасында». 07:00 «Азулылар әулеті». 08:00 «Элифи». 09:00 «Мажор 3». 10:10 «Смеяться разрешается». 11:35 «Анна-детективъ». 12:45 «Жүрек сыры». 14:00 «Әкесінің баласы». 14:30 Скетчком «Q-елі». 15:00 «Көңілді тапқырлар алаңы». 16:00 «Горничная». 17:10 «Анна-детективъ». 18:10 «Мажор 3». 19:10 «Суперкопы». 20:00 «Форс Мажор». 21:00 «Бастық боламын». 22:00 «Элиф». 23:00 «Азулылар әулеті». 00:00 «Форс Мажор». 01:10 «Суперкопы». 02:10 «Смеяться разрешается». 03:00 «Айнаолайн». 03:45 «Элиф». 04:30 «Жеңіп көр». 05:15 «Гу-гулет».

31
06:00 Ризамын. 07:00 Информбюро. 08:00 «Антан». 09:00 Бауржан шоу. 10:00 «Әзілдер жинағы». 11:00 «Добро пожаловать в Рай». 13:00 «Қара маржан». 14:00 «Ералаш». 15:00 «Экстрасенсы детективы». 16:00 «Экстрасенсы детективы». 17:00 «Пекарь и красавица». 18:00

23:40 «КТО ТЫ?». 01:20 «МҰҢАЙМА, НЕФИСЕ». 02:10 «ҚАРА ТЕНІЗ». 03:15-04:00 «АСТАРЛЫ АҚИКАТ».

7-АРНА
06:00 «Қыздар арасында». 07:00 «Азулылар әулеті». 08:00 «Элифи». 09:00 «Мажор 3». 10:10 «Смеяться разрешается». 11:35 «Анна-детективъ». 12:45 «Жүрек сыры». 14:00 «Әкесінің баласы». 14:30 Скетчком «Q-елі». 15:00 «Көңілді тапқырлар алаңы». 16:00 «Горничная». 17:10 «Анна-детективъ». 18:10 «Мажор 3». 19:10 «Суперкопы». 20:00 «Форс Мажор». 21:00 «Бастық боламын». 22:00 «Элиф». 23:00 «Азулылар әулеті». 00:00 «Форс Мажор». 01:10 «Суперкопы». 02:10 «Смеяться разрешается». 03:00 «Айнаолайн». 03:45 «Элиф». 04:30 «Жеңіп көр». 05:15 «Гу-гулет».

31
06:00 Ризамын. 07:00 Информбюро. 08:00 «Антан». 09:00 «Әзілдер жинағы». 10:20 «Петя времени». 13:00 «Қара маржан». 14:00 «Ералаш». 15:00 «Экстрасенсы детективы». 16:00 «Экстрасенсы детективы». 17:00 «Пекарь и красавица». 17:30 «Пекарь и красавица».

«ОЖИДАЕТСЯ УРАГАННЫЙ ВЕТЕР». 01:30 «МҰҢАЙМА, НЕФИСЕ». 02:20 «ҚАРА ТЕНІЗ». 03:15-04:00 «АҚИКАТЫН АЙТАЙЫҚ».

7-АРНА
06:00 «Қыздар арасында». 07:00 «Азулылар әулеті». 08:00 «Элифи». 09:00 «Мажор 3». 10:10 «Смеяться разрешается». 11:35 «Анна-детективъ». 12:45 «Жүрек сыры». 14:00 «Әкесінің баласы». 14:30 Скетчком «Q-елі». 15:00 «Оморина». 17:10 «Спарт». 19:00 «Диэль шоу». 21:30 «Гу-гулет». 22:00 «Элиф». 23:00 «Азулылар әулеті». 00:00 «Рэмбо:Первая кровь-2». 02:00 «Кэландия». 03:00 «Айнаолайн». 03:45 «Элиф». 04:30 «Жеңіп көр». 05:15 «Гу-гулет».

31
06:00 Ризамын. 07:00 Информбюро. 08:00 «Антан». 09:00 Бауржан шоу. 10:00 «Әзілдер жинағы». 10:50 «Последний рубеж». 13:00 «Қара маржан». 14:00 «Ералаш». 15:00 «Экстрасенсы детективы». 16:00 «Экстрасенсы детективы». 17:00 «Пекарь и красавица». 17:30 «Пекарь и красавица».

06:00 «Қыздар арасында». 06:50 «Куырдақ». 07:30 «Гу-гулет». 08:00 «Айнаолайн». 09:00 «Бабы, вперед!». 11:00 «Горничная». 15:00 «Көңілді тапқырлар алаңы». 17:20 «Бастық боламын». 21:00 «Красотки в бегах». 23:00 «Бандитки». 01:00 «Кэландия». 03:00 «Айнаолайн». 04:00 Скетчком «Q-елі». 04:30 «Жеңіп көр». 05:10 «Гу-гулет».

31
06:00 Әзіл студия. 07:00 Ризамын. 08:00 Бауржан шоу. 09:00 «Готовим с Адель». 09:30 «Битва экстрасенсов». 12:30 «Зита и Гита». 15:40 «Лед». 18:10 «Иллюзия обмана». 20:30 «Иллюзия обмана 2». 23:10

«ШАНШАР». 19:30 «АУЛЫТАМШЫЛАР». 20:30 «ДАУ-ДАМАЙСЫЗ». 21:00 «ПОРТРЕТ НЕДЕЛИ». 22:00 «СЛУГИ НАРОДА». 22:30 «КАРТА МЕТЧЫ». 00:30 «СВАДЬБА ВСЛЕПУЮ». 01:50 «ОШПЕНДІЛІК». 02:50 «КТК-да КАБАТОВ». 03:50-04:30 «ӨРІШКЕЛ».

7-АРНА
06:00 «Қыздар

ВОЛОНТЕРЛАР БЕЛСЕНДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тікелей қатысқан республикалық волонтерлар фронт-офисінің ашылу салтанаты мысты қалада да мазмұнды іс-шарамен жалғасын тапты. Халықтар достығы мен мәдениеті үйінде ұйымдастырылған волонтерлар жылының ашылу жиынын Жезқазған қалалық ішкі саясат бөлімінің басшысы Мереке Мырзабекова бастап берді.



– Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылды Волонтерлар жылы деп жариялаған болатын. Волонтерлік – патриотизмнің, гуманизмнің басты көрінісі. Игі іспен айналысу, бір-біріне жақсылық жасау, ауызбіршілік, жанашырлық, азаматтық – біздің халқымыздың көне заманнан келе жатқан дәстүрі. Біз осы игі дәстүрдің одан әрі де жалғасуына үлес қосымыз керек. Волонтерлік қызметтің басты мақсаты – әрқашан бірге халыққа адал қызмет ету. Біз – Жезқазған жұртшылығы да әлемдік және аймағымыздың мәселелерін шешетін игі де жаңашыл бастамаларға белсене қатысуға бірге ұмтылайық. Ерекше жыл аясында құрылып жатқан еріктілер ұйымдарына, бас құрап жатқан қаншама волонтер азаматтардың қадамдарына сәттілік, жұмыстарына нәтиже, табыс тілеймін. «Біргеміз!» деп ұрандатқан волонтерлар жылы баршамызға құтты әрі табысты жыл болсын! – деген ол қала тұрғындарында да волонтерліктен шет қалмай, белсенді болуға шақырды.

Мерекелік кеш барысында қазіргі таңда қала бойынша ұйымдастырылған он волонтерлік клуб пен оған мүше 200-ге тарта волонтерлік қозғалыс өкілдері өз топтары мен ұрандарын таныстырды. Кеш барысында бұрыннан жұмыс істеп келе жатқан Жастар ресурстық орталығы жанынан құрылған «Бірлік», «Самұрық – Қазына» АҚ жанынан құрылған «Жеңіс», «Жүрек» отбасылық, дәрігерлік амбулаториясы жанынан құрылған «Алтын жүрек», Жезқазған жоғарғы медициналық колледжі жанынан құрылған «Жігер» волонтерлік клубтарымен қатар, жаңадан құрылған аз қамтылған отбасылар мен жалғызбасты қарияларға көмек көрсететін «Nur Otan» партиясы, «Jas Otan» жастар қанатының еріктілер тобы, «Мейірім», «Жылы жүрек», «Серкеңің серілері» волонтерлік клубтарының тұсауы кесілді.

Мерекелік кеш барысында қазіргі таңда қала бойынша ұйымдастырылған он волонтерлік клуб пен

Өз тілішіміз



ДАЙЫНДЫҚ ПЫСЫҚТАЛДЫ

Қауіпті вирустар тасымалының негізгі ошақтарының бірі көлік-жол қатынасы екені белгілі. Осы орайда қазіргі таңда тек Қытай Халық Республикасы тұрғындарын ғана емес, бүкіл әлем жұртшылығын әуре-сарсаңға салып отырған коронавирус дертінің алдын алып, ауруға қарсы күрес жұмыстарын пысықтау мақсатында Жанаарқа бөлімшелік көліктегі қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының ұйымдастыруымен эпидемияға қарсы профилактикалық дайындық шарасы өткізілді.

Жезқазған теміржол вокзалында ұйымдастырылған алдын-алу шарасына №108 Нұр-Сұлтан – Жезқазған бағытындағы жолаушылар пойызы қатысты. Арнайы ұйымдастырылған оқу-жаттығу «сценарині» сәйкес пойыз бастығы вокзал диспетчеріне пойызда коронавирустың белгілері бар жолаушы келе жатқандығын хабарлады. Соған сай оқиға орнына жедел жеткен қалалық денсаулық сақтау мекемелерінің инфекциялистер, эпидемиологтары және медициналық сараптама орталығының мамандары қол тепловизоры көмегімен ол күдіктінің ыстығын өлшеп, коронавирустың алғашқы белгілерін анықтады. Нәтижесінде науқас арнайы медициналық көлік көмегімен Жезқазған қалалық инфекциялық ауруханасына жеткізілді. Арнайы ережеге сай науқас ауру

түрі толықтай нақтыланғанша 2-7 аралығында дәрігерлердің қатаң бақылауында болады. Шара соңында арнайы дезинфекциялық топ науқас келген вагонға тазарту жұмыстарын жүргізді.

Аталған алдын-алу дайындық шараларына Жанаарқа бөлімшелік көліктегі тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау басқармасының мамандарымен қатар Жезқазған жоғарғы медициналық колледжінің студенттері, Жезқазған жедел медициналық көмек станциясының, медициналық сараптама бөлімінің мамандары, желілік полиция қызметкерлері, Жезқазған теміржол вокзалы мен «Марал Нұр» жолаушылар тасымалы ЖШС-нің қызметкерлері және БАҚ өкілдері қатысты.

Ай СҮГІР

БІЛІМ ЖӘНЕ ТӘРБИЕ

АҚЫНЫН АРДАҚТАДЫ

Заманының ұлы данагөйі, ақылшысы, жастайынан қара сөздің қасиетін ұғынып, халық өмірі мен тұрмыс-тіршілігін толғана тербеген Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойын №10 жалпы орта мектебі де үлкен дайындықпен қарсы алды. Мектеп ұжымы «Жүрегіміздің түбіне терең бойла» атты әдеби қонақ үйіне қаламыздағы мектеп және мектептен кейінгі білім беру орталықтарының басшылары мен ақындарын жинап, әдеби-сазды әдемі кеш ұйымдастырды.



175 ЖЫЛ

Баяу күйі толқынды бала Абай мен досы Көкбайдың өзара өлең алмасып, табиғат құбылыстарын жырға қосқан алаңсыз бақытты сөздерін суреттеумен басталған көрініс оқушы жастардың ақын Абай Құнанбайұлы туралы ой-пікірлерімен жалғасты.

кеңейіп, бар болмысы сөзбен айтып жеткізе алмайтындай ләззат алады. Бар сұлулықты, эстетикалық көркемдікті бойына жинаған Абайдың өлең жолдары кімді де болса рухани биіктерге, құштарлыққа тәрбиелейді. Ақын шығармашылығы қазақ халқының тұтас бір дәуірінің ақыл-ой парасатының, жаңа өріс алған мәдениетінің, әдебиеті мен өнерінің асқар шыңы болып табылады. Ол өз өлеңдері арқылы қазақ поэзиясын өз кезеңінің ең озық деңгейіне көтере білді, – деген пікірін білдірді.

– Абайдың поэзиясына, көркемдік әлеміне үнілген сайын адам жаны тебіреніп, сезім көкжиегі

– Әдеби қонақ үйі жобасы біздің мектебімізде алғаш рет осыдан 4-5 жыл бұрын ардагер ұстаз, әдіскер маман Құралай Мұханованың ұйымдастырумен өткізілген болатын. Содан бері бұл дәстүрлі жобаға айналды. Абай атамның 175 жылдық мерейтойында әр білім ошағы әр түрлі шаралар ұйымдастырып, өзінше қолтанбасын қалдыруға тырысуда. Сол мақсатта біз әдеби қонақ үйін ұйымдастырғанды жөн деп



таптық. Оның бір артықшылығы – балалар мен қонақтар арасында еркін байланыс орнап, ашық пікір аланы қалыптасады. Бүгінгі шараның балаларды отансүйгіштікке, мол тәрбиеге үйретуде маңызы зор деп білемін, – деді газетімізге берген сұхбатында шараны ұйымдастырушылардың бірі қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Венера Қазанбаева.

Құралай Мұханова, Ақыл Бекетова, Күләш Жолдыбаева, филология ғылымдарының кандидаты, доцент галымдар Фазиз Ештанов пен Светлана Жумкина, «Дарын» жастар сыйлығының иегері, ақын Мұхағали Сейтказы және де тағы көптеген әдебиет және өнер саласының майталмандары сөз сөйлеп, жастарға Абай Құнанбайұлының мол мұрасы мен терең тағылымын ұғындырды.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

АБАЙ МҰРАСЫН НАСИХАТТАДЫ



– Абай атамның 175 жылдық мерейлі мерекесіне Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың өзі айрықша қолдау білдіріп отыр. Бұған оның «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» мақаласын куә. Абайды оқыған, оның өлеңдері оқып, қара

сөздерін ұғынған жас болашақта да жаман болмасын хақ. Осы мақсатта бізде өз оқушыларымызды барынша Абай мұрасымен суысн-датуға тырысамыз. Осынау дүбірлі мерекеге республикамыздың, оның ішінде қаламыздың да түрлі

Бүгінде 318 білім алушы тәрбиеленіп жатқан №11 орта мектеп біртұар қазақ ақыны, ұлы ойшыл Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жыл толу мерейтойына өз үлестерін қосуда. Соның бір дәлелі – мектеп ұжымы мен ата-аналардың және оқушылардың қатысуымен өткен автошеру.



175 ЖЫЛ

білім ошақтары өзінше үлестерін қосуда. Абай Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылығын кеңінен насихаттау мақсатында біз де ерекше есте қаларлық шара ұйымдастырғамыз келді. Соған орай, ата-аналармен ойласа отырып бүгінгі автошеруді өткіздік, – дейді мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Айтжан Жаппасова.

Автошеру басталмас бұрын мектептің 13 белсенді әжелден құралған «Әжелер өнегесі» әжелер мектебі Абайдың «Желсіз түнде жарық ай» әнін орындап челлендж түсірді. Аталған челленджді аналар мектебі жалғастырды. Мектеп оқушылары да қаламыздағы «Жастар» паркіне барып, хормен ән шырқалды.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

ЖАСТАРДА – ЖАҢА БАСТАМА

Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына орай Жезқазған гуманитарлық колледжі «Абай жолы» роман-эпопеясының көрініс қою бастамасын қолға алып, эстафетаны Жезқазған бизнес және көлік колледжіне жолдады.



175 ЖЫЛ

Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: «Откен жылы Абайдың шығармаларынан үзінді оқу эстафетасы өтті. Соның арқасында бүкіл Қазақстан Абай мұрасын тағы бір зерделеп шықты. Бұл – Абайға деген құрмет әрі ұрпақты тәрбиелеудің тиімді тәсілі. Абай жырларын оқу челленджі биыл, ақын мерейтойы тұсында жаңаша жанданады деп сенемін», – деп ұсыныс тастаған болатын. Осы жаңаша идеяны өміршең етуге алғашқылардың

бірі болып кіріскен Жезқазған гуманитарлық колледжі қоғамда гуманизмді қалыптастыратын Абай айтқан «қыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүректің» үлгісін көрініс арқылы қоғамға насихаттады.

Абайды тану ойшылдың шығармасын жатқа оқумен ғана шектелмейтін, ғұмыр жолы «Абай жолын» оқумен және одан сусындап, тәлім алумен ұштасып жатқанын білу қажет. «Абай жолы» романының көрініс көрсету – ұлы ақынның балалық шағы мен өскен ортасына хабар беріп қана

қоймай, оның тұлға болып қалыптасу кезеңінен сабақ алу, жастардың парасат-пайым көкжиегін кеңейту, рухани нәр беруді мақсат тұтты.

Болашақ педагогтердің білім ордасы мұрындық болған бастама республика көлемінде қолдау табуына сенім мол. Әрқашан ерекше креативті идеяларды жүзеге асырып, жанашыл, белсенді жастарды шыңдап, ерекше тың серпінмен өнеге мен патриоттық рухқа толы көрініс қою челленджінің келер ұрпаққа берері көп. Тәрбиелік мәнге ие аталған челлендж басқа оқу орындары тың серпінмен жалғастыруына тілектестік білдіріп, Абайдың жолы ұрпақты, жастарды жаңа белеске бастайтын сара жол екенін еске саламыз.

Ізгөлеу ТҮСІП

ДОСТЫҚТЫҢ ҚАДІРІ

«№12 «Салтанат» бөбекжайында «Өзін-өзі тану: махаббат пен шығармашылық педагогикасы» атты онкүндігі аясында барлық топтарда шаралар ұйымдастырылып, оған балабақша тәрбиеленушілері мен ата-аналар белсене қатысты.

Достық – адамдардың бір-біріне деген адалдығы, өзара сыйластығы, татулығы, сүйіспеншілігі, жанашырлығы, қамқорлығының белгісі. Адам көбіне өзінің мінезіне ұқсас адамдармен жолдас, дос болады. Шын жолдас, достар бірінші жақсы қасиеттерін екініші үлгі тұтады, бойына сіңіреді, олар бір-біріне өте жақын, бірін-бірі тез түсінісетін болып кетеді. Осындай жолдастық, достық қарым-қатынастардың арасындағы ең бағалысының бірі – адалдық. Сондықтан, бөбекжайдың кішкентай білдіршіндерін адал достыққа тәрбиелеу – біздің басты мақсатымыз.

«Өзін-өзі тану: Махаббат пен шығармашылық аптасы аясында бөбекжайдың «Раушан» тобында «Дос болайық бәріміз!» атты тәрбие сабағы өтті. Тәрбие сабағының мақсаты балаларға дос, достық туралы әңгімелей отырып, олардың достық қарым – қатынасын нығайту. Балаларды жаман әдеттерден аулақ жүруге үйрету, адалдыққа, ыншылдыққа тәрбиелеу. Балалардың адамгершілік қасиетін, бір-біріне деген достық сезімдерін нығайту.

Балалар тәрбие сабағына қызығушылықпен қатысты. Бүлдіршіндер арнайы дайындалған бейне роликтен «Екі дос» ертегісін тамашалап, қойылған сұрақтарға белсене жауап берді. Сонымен қатар, бүлдіршіндер достық туралы өлең шумақтарын оқып, мақал-мәтелдер айтты. «Досыңды дауысынан таны», «Ренжістік, достастық» ойындары ойнатылды.

«Дос қандай болу керек?» деген сауалға балалар: қиын кездерде бір-біріне көмек көрсететін, досыңды алдамайтын, досыңды мазақтамайтын, ренжітпейтін, бірге ойнап-күлетін, өтірік айтпайтын болу керек деп жауап бер-



ре отырып, «Нағыз дос» «Достық жүрек» макетіне досқа тән қасиеттерді кішкентай жүрекшелер түрінде ілді (адал, жомарт, қарапайым, мейірімді, кешірімді, төзімді, ақылды, сабырлы, салмақты, көңілді) және балалар бір-біріне балалық тілектерін білдірді.

Тәрбие сабағынан бүлдіршіндеріміз бір-бірін сыйлауға, адал дос болуға, жағымды қарым-қатынас орнатуға, адалдыққа, ыншылдыққа жақын болуға бағыт-бағдар алды.

Гүлжан ҚАМБАСОВА, «Салтанат» бөбекжайының тәрбиешісі

БӨРЕКЕЛДІ!

БАЛҒЫНДАР – ЖЕҢІС ТҰҒЫРЫНДА

Алматы қаласында 4-7 жас аралығындағы бишілердің қатысуымен республикалық «ART-dance.kz» сайысы өтті. Осы байқауға іргемізді Кенгір ауылындағы мәдениет үйі жанынан құрылған «Кербес» би тобының бүлдіршіндері қатысып қайтты. Жүлделі I орынды иеленген биші қыздар қаламыздың мерейін асырды.



Жалпы би өнері ерте заманнан қалыптасқан. Ол музыкалық ырғаққа сай дене қимылымен көрсетілетін өнер. Қазақ халқы би өнерінің дәстүрі мен өрегін сақтап, өзінің рухани қазынасымен байланыстырып, ұштастырып отырған. Би хореографиясы жинақы образдар арқылы болмысты бейнелеп, адамның ішкі жан дүниесін көрсетеді. Аталған конкурсы осымен екінші рет ұйымдастырылып отыр. Мақсаты еліміздің шалғай жерлеріндегі әсіресе, ауыл өнерпаздарының талантты шынша әрі жарыққа шығару, үлкен сахнаға бейімдеу.

Бишілеріміз ақтық сында «Ай, бюджет круто» бимен қазылар мен көрермендерін тәнті етті. Осындай жетістікке жетуде топтың жетекшісі Дәмәткен Қалиеваның еңбегі зор. Сондай-ақ, «Кенгір» мәдениет үйінің меңгеруші Қадыек Мағзұмовтың да жас дарын-дарын шындалып, дайындалуына қолдау танытуы қуантады. Айта кетсек, бұл байқауға қатысуға қосымша қаражат бөлінбеген. Жас бишілердің жолын, жатын орын және жүріп-тұруы, тамақтануына ата-аналар өздері демеушілік жасаған.

Дана халқымызда «Бұлақ көрсен, көзін аш» деген. Үлкен өнер жолына енді қадам басып келе жатқан жас дарын-дарымызға өңірдің атымай-жомарттары қолдау танытса деген тілек бар. Қолдау мен қолпаштау болса өнерпаздар белестен белеске шығып, жетістіктен жетістікке жетері анық.

Ізгөлеу БЕКЕНҮЛЫ

«SARYARQA» ГАЗЕТІН ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ДЕ ОҚИ ЖҮРІҢІЗ!
FACEBOOK.COM/SARYARQAGAZETI/
T.ME/SARYARQA/
@SARYARQA_GAZETI
WHATSAPP + 7 708 420 19 88

Мемлекеттік қызметтер бойынша көмекші сіздің смартфонңызда m.gov мобильді қосымшасы